

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ
АКАДЕМИЯСЫ**

**«ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАТЫН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ»
ПӘНІ БОЙЫНША
ПРАКТИКУМ**

Қостанай, 2021 ж

ӘОЖ
КБЖ
Ж

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми кеңесімен басып шығаруға ұсынған

Рецензенттер:

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Жедел іздестіру қызметі кафедрасы бастығының орынбасары, философия
докторы (PhD), полиция подполковнигі Е.О. Мухамеджанов
Қостанай қаласы ПБ жергілікті полиция қызметінің
бастығы полиция подполковнигі М.А Сахратов

А.А. Әбдәлі, Б.О Ильяс, М.А. Жұмашев, А.Ж. Садықов

Ж- Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде жүзеге асыратын бөлімшелердің
қызметін ұйымдастыру пәні бойынша практикумы / А.А.Әбдәлі, Б.О. Ильяс,
М.А. Жұмашев, А.Ж. Садықов – Қостанай: ҚР Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясы, 2021ж. 98– б.

ISBN

Оқу құралының басты мақсаты - ҚР ІІМ оқу орындарының арнайы бастапқы
даярлау курстарының тыңдаушыларына оқытудың тәжірибелік бағытын
нығайту болып табылады. Құралдың жинағында әкімшілік және жергілікті
полиция қызметкерлерінің барлық бөлімшелерінің негізгі бағыттары
көзделген. Практикумның негізгі бөлімдері ретінде тапсырмалық есептер
жинағын, білімін бақылау мақсатында сұрақтар мен тесттер ұсынылады.

Оқу құралын ҚР ІІМ оқу орындарындағы тыңдаушыларға өзіндік жұмыс
процесінде тәжірибелік және семинарлық сабақтарды өткізу кезінде
қолдану үшін, сондай-ақ ішкі істер органдарында кәсіби және қызметтік
дайындық сабақтарын өткізу кезінде қолдануға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

© ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2021

Мазмұны

1. КІРІСПЕ.....	5
2. Тапсырмалар жинағы.....	7
2.1. Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау және жолын кесу.....	7
2.2. Құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жеткізу және ұстау тәртібі.....	15
2.3. Кәмелетке толмағандар жасайтын әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау және жолын кесу.....	23
2.4. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне әрекет ету кезіндегі полиция қызметкерлері іс-әрекетінің негізгі алгоритімдері.....	31
2.5. Азаматтар мен кәсіпорындардың мүлкін ұрлаудың жолын кесу бойынша полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттері.....	39
2.6. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесу және олардың алдын алу жөніндегі іс-әрекеттері.....	46
2.7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда алдын-алудың іс-әрекеттері.....	55
2.8. Жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды анықтау кезіндегі іс-әрекеттер.....	63
2.9. Қоғамдық тәртіп пен жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу мен жолын кесу шаралары.....	70
2.10. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.....	78
2.11. Көлік құралдарындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу.....	86
3. Ұсынылатын әдебиеттер.....	96

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

АПБ – аудандық полиция бөлімі

АҚ – Алматы қалалық

АҚО - арнайы-қабылдау орталығы

ӘЗЗҚ - әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторы

ӘК - әскериленген күзет

БӨП – бақылау-өткізу пункті

ЖБО – жедел басқару орталығы

ЖЗ – жарылғыш заттар

ЖП – жаяу патруль

ЖПБ – желілік полиция бөлімі

ЖПҚ – жергілікті полиция қызметі

ЖПШ – жедел профилактикалық шара

ЖЭС - жылу электр станция

КТБО – кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы

КТІЖ УПИ – кәмелетке толмағандар істері жөнінде учаскелік полиция инспекторы

ҚПБ – қалалық полиция бөлімі

ҚТО - қабылдау-тарату орталығы

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚПБ – қалалық ішкі істер бөлімі

ОМ – орта мектебі

ТЖМ – төтенше жағдай министрлігі

ТМ – түзеу мекемесі

ТЖ – төтенше жағдай

ТПБ – теміржол полиция бөлімі

ПБ – полиция бөлімі

ПД – полиция департаменті

ПП – патрульдік полиция

УПИ – учаскелік полиция инспекторы

УҰИ – уақытша ұстау изоляторы

ПО – ішкі істер органдары

ІМ – ішкі істер министрлігі

1. КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің барынша тұтас реформасын жасап, учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, жұмыс істеуіне ерекше мүмкіндік берді. Сондай-ақ учаскелік инспектор жергілікті халықтың проблемаларын шешуге, қылмыстың жолын кесуге, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру бағытында қызмет етуге тиіс екенін атап өтті.

Арнайы алғашқы кәсіби даярлау курсының тыңдаушыларына сабақ барысында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алып, анықтап, жолын кесу, мәселелерін шешумен тығыз байланысты. Адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін, басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ, олардың жасалуын туғызбай алдын алып, жүзеге асыру үшін қажет.

Арнайы курстың мазмұны әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қылмыстық-атқару, қылмыстық құқық, әкімшілік және қылмыстық-атқару қызметі сияқты құқықтық пәндердің негізгі ережелерімен тығыз байланысты. Онда құқық қорғау органдарының оқу орындарында оқытылатын өзара байланысты арнайы пәндердің ғылыми жетістіктері, сондай-ақ құқық қорғау органдарының әкімшілік, жедел-іздестіру және қылмыстық іс жүргізу қызметі мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері және оң практикалық тәжірибе көрсетілген.

Сабақтар құқық қорғау органдары оқу орындарының түлектерін қалыптасқан жағдайда немесе ахуалда сауатты және нақты әрекет етуге, заңдылықты сақтауға үйретуге мүмкіндік береді. Олар танымдық қызығушылықты, шығармашылық ойлау және ізденістік дағдыларын, жағдаятты және зерттеу ақпаратын зерделеу және талдау негізінде тәуелсіз шешім қабылдау қабілетін дамытуы керек.

Тыңдаушылар мәселелерді шешуде келесі практикалық дағдыларды игеруі керек:

- жағдайды қалай анықтауға болады;
- қандай материал жинау керек;
- қалыптасқан жағдайда басқарушылық шешімді кім қабылдайды;
- кіріспе тапсырмаларды шешу кезінде қандай әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану керек;
- материал қай жерде тіркеледі және т. б.

Оқытушы әр тыңдаушының пікірін тыңдауы керек, егер олар әртүрлі болса, содан кейін тыңдаушыларға дұрыс практикалық әрекеттер мен дұрыс жауапты түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін бағалауы керек.

Тәжірибелік сабақтарда тиімді өткізу үшін топқа жеке-жеке тапсырмалар бөліп беруді ұсынамыз, тыңдаушылар конспектілерінде жауаптың қысқаша жоспарын жасауы үшін дайындыққа 10-15 минут

береміз. Жауаптардың нұсқаларын талқылау бүкіл аудиторияның қатысуымен жүргізілуі керек.

Шешілген тапсырмаларды талқылағаннан кейін оқытушы жалпы қорытынды жасайды және қойылған бағаларды негіздейді.

2. ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ

2.1 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу мақсатында полиция қызметкерлерінің алгоритмі

2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» №199 Заңында, ішкі істер органдары адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады. Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады.

Осы Заңының 4-бабына сәйкес төмендегідей міндеттеледі:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) қылмыстылықпен күрес;
- 4) қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазалауларды орындау.
- 5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жалпы, арнайы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылады.

1. Құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шаралары:

- халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғау жөніндегі шаралар;
- экономиканы, әлеуметтік саланы, құқық қорғау қызметін басқарудағы қателіктер мен олқылықтарды жоюға, сондай-ақ құқық бұзушылық профилактикасын нормативтік, ақпараттық, әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған ұйымдастыру-басқару шаралары;
- азаматтарда жалпы адамзаттық құндылықтарға, заңға бағынушылық мінез-құлыққа, құқыққа қарсы мінез-құлыққа төзбеушілікке бағдарланған, жалпы, тұрмыстық және құқықтық мәдениетті арттыратын адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жолымен криминогендік факторларды жоятын немесе шектейтін идеологиялық шаралар;
- құқық бұзушылық жасауға кедергі келтіретін ғылым мен техниканың жетістіктері.

Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары адамның не шектеулі адамдар тобының құқықтық санасына және мінез-құлықна олардың тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданылады.

2. Қоғамдық тәртіпті сақтаудың жалпы мәселелері.

Қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтың алдын-алу, маскүнемдікке, алкоголизмге және нашақорлыққа қарсы күрес. Яғни

әлеуметтік тұрғыдан жабдықталған орындарда: көшелерде, алаңдарда, желекжолдарда, жағалауларда, көпірлерде, тұйық көшелерде, қоршалмаған аулаларда (жекелерден басқа), орман-саябақ аймақтарында, қала (елдімекен) шегінде, гүлзарларда, жағажайларда, демалыс орындарында, базарларда, стадиондарда қызмет ету мерзімінде жасалғандар ерекшеленеді.

3. Қылмыстылықпен күрес - қылмыс пен қылмыстылықты туындататын себептер мен жағдайларды анықтап, жеке, экономикалық және ұйымдасқан қылмыстарды жою жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асырады. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылау орнатып, есірткілерге қол жеткізуді шектеу қойып олардың заңсыз айналымын болдырмауын жүзеге асырады.

4. Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу, сотталғандарға түзеу құралдарын қолдану, сондай-ақ босатылатын сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету мен оларды тиісінше қадағалауды жүзеге асырады. Жазаны орындайтын органдар – ескерту, айыппұл, қамаққа алу түріндегі жаза, сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары.

5. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру

№1 есеп.

Мемлекеттік қызметтік автокөлігін мас күйінде тізгіндеп, жол ережесін бұзған азамат А.К. Алпысбаевті АПБ-не жеткізді. Анықтау барысында мемлекеттік қызметке тиесілі автокөлікті рұқсатсыз мініп жүргені, сонымен қоса мемлекеттік тіркеу нөмірі жалған екені анықталды.

Тапсырма:

1. Жағдайды анықтаңыз.

2. АПБ қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.

3. Егер А.К. Алпысбаев мемлекеттік қызметкер болмай шықса немесе әскери және қызметтік міндеттерін атқарудан бос уақытта жеке автокөлікті басқарса, оны жауапқа тарту тәртібі қалай өзгереді?

№2 есеп.

Полиция қызметкері «Айна» азық-түлік дүкенінен 19 жасар азамат А.К. Алтаевтің түнгі сағат 22:30 шамасында арақ өнімін алғандығы анықталды. Дүкен сатушысының құжаттарын сұрастыру барысында, дүкенді жалға алғандығын және дүкен иесімен ешқандай да келісімшарт жасалмағандығы анықталды.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2. Осы жағдайда полиция қызметкері кімге және қандай құжаттарды жинауы тиіс?

3. А.К. Алтаевқа әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?

4. Арақты алу туралы хаттама жасаңыз.

№3 есеп.

Жаяу патрулі парктегі орындықта ұйықтап жатқан мас азаматты учаскелік полиция пунктіне жеткізді. Азаматты анықтау мақсатында өзімен бірге ешқандай да құжаттарының жоқтығы және мекен-жай бюросынан анықталмады. Азамат А.К. Алпысбаев құжаттарын жоғалтқанын және тұрақты тұрғылықты жері жоқ екенін мәлімдеді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай материал жинау қажет?*

№4 есеп.

Полиция патрулдік нарядына сағат 12.00 шамасында «Айналайын» азық-түлік дүкенінен хабар түседі. Дүкен ішінде азамат А.К. Алтаев өз әйелін тұтынушылардың көзінше балағат сөздер айтып қол көтергендігі анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және осы жағдайда полиция қызметкері қандай құжаттарды жасауы тиіс?*
- 3. А.К. Алтаевқа әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4. А.К. Алтаевқа хаттама толтырыңыз.*

№5 есеп.

Жаяу патруль полицияның қоғамдық көмекшілерімен бірге, теміржол вокзалына жақын жерде қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі барысында, сағат 17.00 шамасында, вокзал маңындағы алаңда азаматтарға пәтерді тәулік бойынша немесе сағат бойынша жалға алуды ұсынған «пәтерді жалға беремін» деген белгісі бар әйелге назар аударды.

Құжаттарды тексеру кезінде әйелдің жеке басын анықтап, оның уақытша жұмыс істемейтінін анықтады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және әйелдің әрекетін анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің әрекеттерін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды.*
- 4. Құқық бұзушыдан жауап алу хаттамасын жасаңыз.*

№6 есеп.

«Жасөспірім» жедел алдын алу шаралары шеңберіндегі рейдтік іс-шаралар барысында сағат 23:30 шамасында Арғынбеков көшесінің бойындағы дәлізде киімсіз 7-8 жасар қыз отырғанын байқайды.

УПИ мен КТІЖ УПИ инспекторлары қыздың тұрғылықты жерін анықтап, мән-жайды анықтау барысында анасы қызын жазалағаным-дейді.

Қыздың анасы қатты өкініп отырғанын, ақшаның жетіспеушілігінен, бөлме жалдаудан, үнемі жұмыс іздеуден шаршағанын хабарлады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Бұл іс бойынша іс қалай қозғалады?*
- 3. ІІО қызметкерлерінің іс-әрекеттерін баяндаңыз.*

№7 есеп.

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Мәдениет көшесінде «Тайота камри» көлігі бағдаршамның қызыл түсіне өтіп бара жатып, жол қауіпсіздігін сақтамаған жаяу жүргінші Б.Абиловті қағып денсаулығына жеңіл зиян келтірді. (Автокөліктің алдыңғы бамперін майыстырды).

Анықтау кезінде Б.Абилов масаң күйде екендігі анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Осы жағдайда полиция қызметкері кімді жауапкершілікке тарту тиіс?*
- 3. Б.Абилов сау болғанда жауапкершілікке тартылар ме?*

№8 есеп.

Жұмысқа асығып тұрған азамат М.С. Айтпаев көлікпен келе жатып бағдаршамның қызыл түсіне келіп тоқтады. Оның алдында үш көлік болған. Бағдаршам жасыл түспен жанған соң ең бірінші тұрған көлік жүргізушісінің көлігі сөніп қалды. Осы кезде азамат Айтпаев ашуланып көлігін солға бұрып жіберіп екі қос сызықты кесіп өтті.

Патрульдік полиция қызметкері дауыс ұлғайтқышымен азамат Айтпаевтің тоқтауын өтінді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Патрульдік полиция қызметкерінің іс-әрекетін баяндаңыз?*
- 3. Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды.*
- 4. Құқық бұзушыға хаттама толтырыңыз.*

№9 есеп.

Үш азамат Есетов, Укашев және Ыдырыс қоғамдық орында яғни паркте шекілдеуік (пісте) шағып, балағат сөздерді айтып, паркте жүрген адамдардың мазасын алды. Сол маңайда балмұздақ сатып тұрған сатушы 102 нөміріне қоңырау шалып полиция қызметкерлерін шақырды:

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ІІО қызметкерлерінің әрекеттерін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды.*
- 4. Құқық бұзушыға хаттама толтырыңыз.*

№10 есеп.

Түнгі сағат 23:30 шамасында Аль-Фараби көшесі №4 үй 32 пәтер тұрғыны азамат М. Айтпаевтан ЖБО-на хабар түсіреді. 33 пәтер тұрғыны С. Укашевқа өлеңнің дауысын бәсеңдетуін сұрайды. Оған құлақ аспай балағаттап жібергенін айтады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және ПО-ның іс-қимыл алгоритімін анықтаңыз?*
- 2. Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды.*
- 3. Құқық бұзушыға хаттама толтырыңыз.*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Әкімшілік жаза түрлерін атаңыз.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру жолдарын атаңыз.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы ПО қызметінің құқықтық негізі қандай?
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу принциптерін атаңыз?
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы ПО құзыреті.
6. Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүйесі.
7. Құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы шаралары.
8. Профилактикалық әңгіме.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілігін түсіндіру жолы.
10. Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілері.
11. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы нормативтік-құқықтық актілер.
12. Құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру.
13. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары.
14. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер.
15. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау нысандарын көрсетіңіз?

- A) ауызша
- B) жазбаша немесе электрондық
- C) лауазымды адамның қалауы бойынша ауызша, жазбаша немесе электрондық
- D) тек жазылған
- E) тек электронды

2. Кімге қатысты 3 сағат ішінде әкімшілік қамауға алу шарасын қолдануға жол беріледі?

- A) 48 жастан асқан әйелдер
- B) жүкті әйелдер
- C) 14 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер
- D) кәмелетке толмағандар
- E) 1 топтағы мүгедектер

3. Төменде көрсетілгендердің қайсысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына қолданылмайды?

- A) жеткізу
- B) әкімшілік қамауға алу
- C) жете тексеру
- D) жеке тұлғаны медициналық тексеру
- E) әкімшілік қамауға алу

4. Әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша іс жүргізу барысында кинематографияны, фотографияны, бейнежазбаны пайдалануға жол беріле ме?

- A) рұқсат
- B) тыйым салынған
- C) сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) рұқсатымен, іске қатысушы адамдардың пікірін ескере отырып рұқсат етіледі
- D) прокурордың рұқсатымен рұқсат етіледі
- E) егер бұл іске кәмелетке толмағандар, сондай-ақ шетелдік азаматтар қатысса, рұқсат етіледі

5. Қандай қызмет ПО-ның әкімшілік қызметіне жатпайды?

- A) қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- B) күзет қызметі
- C) лицензиялық-рұқсат беру қызметі
- D) тергеу мен анықтауды жүзеге асыру
- E) ПО-ның қаржылық және шаруашылық қызметі

6. ПО жүйесін не құрайды?

- A) әкімшілік, криминалдық, көші-қон полициясы және әскери-тергеу органдары

В) әкімшілік, криминалдық, әскери, көші-қон және жол полициясы
С) әкімшілік, криминалдық, әскери полиция және әскери-тергеу органдары

Д) әкімшілік, криминалдық, көлік полициясы

Е) полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы, Азаматтық қорғау органдары.

7. Әкімшілік қызметтің қандай нысандарын білесіз?

А) құқықтық және құқықтық емес

В) профилактикалық

С) мемлекеттік-билік

Д) заңға тәуелді

Е) барлық жауаптар дұрыс

8. ПО-ның әкімшілік қызметі қандай нысандарда жүзеге асырылады?

А) құқық шығармашылығы, құқық қолдану және құқық белгілеуші

В) құқық шығармашылығы және құқық қолдану

С) лицензиялық-рұқсат беру және материалдық-техникалық

Д) құқық қолдану және лицензиялық-рұқсат беру

Е) тек құқық қолдану, ол реттеуші және құқық қорғау болып бөлінеді.

9. ПО-ның әкімшілік қызметінің материалдық-техникалық нысанына не қатысы жоқ?

А) ақпараттық материалдарды дайындау және өңдеу

В) анықтамаларды, есептерді және шолуларды дайындау және өңдеу

С) нұсқау беру және тәжірибе алмасу

Д) есептік-статистикалық жұмысты жүзеге асыру

Е) қызметтік іс жүргізу

10. Қандай жағдайларда қызметкердің төменгі лауазымға ауысуы кезінде оның келісімі талап етілмейді?

А) қызметкердің келісімі әрдайым қажет

В) денсаулық жағдайы бойынша

С) штаттарды қысқарту кезінде

Д) мекеме қайта құрылған жағдайда

Е) тәртіптік жаза қолдану тәртібімен

11. Құқық қорғау органдарында кезекті атақты мерзімінен бұрын қанша рет беруге болады?

А) құқық қорғау органдарындағы бүкіл қызметі үшін үш рет

В) құқық қорғау органдарындағы қызмет кезеңінде бір рет

С) Екі рет, бірақ тек ПО-дағы барлық қызмет үшін

Д) құқық қорғау органдарындағы барлық қызметі үшін екі рет

Е) шектеулер жоқ

12. Егер тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкер бұйрықпен танысудан бас тартса, не істеу керек?

А) кадр аппаратының қызметкері акт жасайды

В) екі куәгердің қатысуымен «қол қоюдан бас тартты» бұйрығына жазба жасалады

- С) қайта қызметтік тергеу тағайындалады
- Д) ПО органының бастығына ауызша баяндау жеткілікті
- Е) кадр аппаратының қызметкері баянат жасайды, ПО органының бастығы бұрыштама қояды және қызметкердің жеке ісіне тігіледі

13. Ішкі істер органдары өзара іс-қимыл жасамайды:

А) Өзге де құқық қорғау органдары, оның ішінде анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады

В) халықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша

С) халықтың ұлттық және экономикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша

Д) ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлерімен

Е) лицензиялық-рұқсат беру және материалдық-техникалық жүйелерімен

14. Криминалдық, әкімшілік және өзге де полиция қызметтерінің бөлімшелерін, сондай-ақ ІІМ әскери-тергеу органдары мен әскери полициясын құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды кім жүзеге асырады:

А) Қазақстан Республикасының Президенті

В) Қазақстан Республикасының Үкіметі

С) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Д) Қазақстан Республикасының Палатасы

Е) Қазақстан Республикасының Мәжілісі

15. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау:

А) ішкі істер органдарының міндеті

В) ішкі істер органдарының құқығымен

С) Ішкі істер органдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметімен

Д) бастықтың шешімімен

Е) өзінің шешімімен

2.2. Құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жеткізу және ұстау тәртібі

2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 785-бабында көрсетілгендей әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға күдіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мүмкін болмағанда, оны жасау, істі уақтылы және дұрыс қарауды және іс бойынша қабылданған қаулыны орындауды қамтамасыз ету, адамдардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатерді, авария немесе техногендік апат қатерін болғызбау мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттіктері шегінде жеке тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің мынадай шараларын қолдануға құқылы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу;

2) жеке тұлғаны әкімшілік ұстап алу;

3) күштеп әкелу;

1. Хаттама жасалатын жерге жеткізу - бұл ретте жеткізудің негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ хаттаманың жасалуы міндетті болып, оларды әкімшілік құқық бұзушылық анықталған жерде жасау мүмкін болмаған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке тұлғаны, заңды тұлғаның өкілін жеткізуге мақсат етеді.

2. Әкімшілік ұстап алуды - яғни құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке бас бостандығын қысқаша мерзімге шектеп, құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп өмірі мен денсаулығына қатер төндірмей оның, бұл жөнінде әкімшілік ұстап алу туралы хаттамаға тиісті жазба жазылады.

3. Күштеп әкелу - өзіне қатысты әкімшілік іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаны не заңды тұлғаның өкілін, әкімшілік жауаптылыққа тартылатын кәмелетке толмаған адамның заңды өкілін күштеп әкелу жүргізіледі.

№1 есеп.

Нұр-сұлтан қаласы Есіл ауданы Алматы көшесінде «Nissan Qashqai» автокөлігінің жүргізушісі азамат О. патрульдік полициясы қызметкерінің автокөлікті тоқтату туралы заңды талабын орындамай «Тәуелсіздік сарайы» мәдениет үйінің жанындағы алаңға автокөлігін «тоқтауға тыйым салынады» жол белгісін елемей өз автокөлігін қойды.

Патрульдік полиция құқық бұзушыға қатысты әкімшілік хаттама толтырып, жүргізуші куәлігін алып, оның орнына 3 ай мерзімге уақытша жүргізуші куәлігін беріп, оған әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарды.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *Патрульдік полиция дұрыс әрекет жасады ма?*
3. *Бұл жағдайда әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдауға кім құқылы?*
4. *«Nissan Qashqai» жүргізушісінен сұрау хаттамасын жасаңыз.*

№2 есеп.

Полиция қызметкерлері АПБ-нің кезекші бөліміне тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ тұлғаны жеткізді. Жеткізілген азаматтың мүгедектік айқын белгілері болды (оң қолы жоқ).

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз.*
2. *АПБ кезекшісінің іс-қимыл тәртібін баяндаңыз.*
3. *Бұл жағдайда қандай материал жиналуы керек?*
4. *Егер оның жеке басын және тұрғылықты жерін анықтау мүмкін болса, жеткізілген адаммен істі қарау кезінде не істеу керек?*

№3 есеп.

Учаскелік полиция инспекторы өзінің әкімшілік қадағалауында тұрған С.М Айтбаевты 22 сағат 50 минутта тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексерді. Әкесі УПИ-на баласының үш айдан бері жұмыссыз және тұрақты жұмысқа қамтуға жәрдемдесуін сұрады. Сол мезгілде баласы үйіне масаң күйде келеді.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *Учаскелік полиция инспекторы жұмысқа тұруына қандай көмек береді?*
3. *С.М Айтбаевты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
4. *Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы түсінік жасаңыз.*

№4 есеп.

Құқық бұзушы А-ның 2021 жылдың 02 қаңтарында сағат 03:20 шамасында, Жаңаөзен қаласы Көктем шағын ауданы №46 үйдің артындағы жолда «Audi A6 C4» маркалы, автокөлігін басқару барысында патрульдік полициясы қызметкерінің автокөлікті тоқтату туралы заңды талабын орындамады. Полиция қызметкерлерінің қудалауынан жасырынуға тырысты.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *Патрульдік полиция қызметкерлері қандай арнайы бұлтартпау шараларын қолдана алады.*
3. *Осы факті бойынша қандай материалдар жасауы тиіс?*

№5 есеп.

Алматы облысы патрульдік полиция қызметкерлері тоқтату талабына бағынбаған жүргізуші көлігінің ізіне түсуге мәжбүр болды. Полицейлер дереу артынан қуып, тоқтату талабын ескермеген соң, оның көлігін соғып тоқтатуға мәжбүр болды. Заң бұзушыны С.М Айтбаев масаң күйде автокөлік тізгінін басқарғаны анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Патрульдік полиция дұрыс әрекет жасады ма?*
- 3. Бұл жағдайда әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдауға кім құқылы?*
- 4. Осы факті бойынша қандай материалдар жасауы тиіс?*

№6 есеп.

2021 жылдың 10 қаңтарында Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау қарсаңында 20-25 шақты азаматтар «сайлау әділетсіз түрде өтуде» деп Алматы қаласы әкімдігінің алдына митингке шықты. Арнайы жасақ митингке келгендерді ұстады.

Тапсырма:

- 1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. УПИ қызметкерлері қандай арнайы бұлтартпау шараларын қолдана алады.*
- 3. Осы факті бойынша қандай материалдар жасауы тиіс?*

№7 есеп.

Желілік полиция қызметінің патрульдік қызметкерлері Қостанай қаласы ТЖ вокзал аумағында мас күйінде темекі шеккен азамат Б. Айтпаевті ұстады.

Тапсырма:

- 1. Жаздайды анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің практикалық іс-әрекеттерін баяндаңыз және осы факті бойынша жиналуы тиіс құжаттарды атаңыз.*
- 3. Б. Айтпаевті жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Б. Айтпаевті ұстау туралы хаттама жасаңыз.*

№8 есеп.

Қостанай қаласы ТЖ вокзал аумағында орналасқан «РАХМЕТ» дүкенінің жанында қайыр сұраған адамды патрульдік полиция жасағы 20 сағатқа жуық уақыт ішінде ҚПБ-не жеткізді. Азаматты анықтау мақсатында өзімен бірге ешқандай да құжаттарының жоқтығы және мекен-жай бюросынан анықталмады.

Тапсырма:

- 1. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 2. Қабылдау-тарату орталығына орналастыру тәртібі қандай?*

№9 есеп.

Сағат 22-де ҚПБ кезекші бөліміне азамат М-ді масаң күйінде мейрамхана қызметшілері мен әкімшісіне балағат сөздер айтқаны үшін жеткізілді. Анықтау барысында мейрамхананың иесі өзінің танысы екені және кеткісі келмегені анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін анықтаңыз.*
- 3. Азамат М-ді ұстау туралы хаттама жасаңыз.*

№10 есеп.

Алматы қаласында «Жасөспірімдер» арнайы іс-шара кезінде шамамен кешкі 20.00 сағат шамасында КТІЖ УПИ қызметкерлері құжаттарды тексеру және қарап тексеру үшін екі жасөспірімді (16 және 18 жас) тоқтатты. Жасөспірімдер өздерімен бірге құжаттары жоқ екенін және ешкім жеке басын куәландыратын құжаттарды алып жүруге міндетті емес деп санайтынын айтты.

Тапсырма:

- 1. Жасөспірімдердің немесе олардың ата-аналарының іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Ұстау хаттамасын жасаңыз.*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ҚР Әкімшілік заңнамасы жеткізу, ұстау және күштеп әкелудің қандай мерзімдерін қарастырады?
2. Әкімшілік процесте жәбірленушілерді процестік мәжбүрлеу шаралары және олардың қауіпсіздік шаралары.
3. Хаттама жасалатын жерге жеткізудің мақсаты.
4. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.
5. Әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін көзделген мерзімдерде жеткізуді жүзеге асыру тәртібі қалай?
6. Жеткізу туралы хаттамада не көрсетіледі?
7. Жеткізу туралы хаттаманың көшірмесі кімге табысталады?
8. Жеткізу фактісі бойынша не міндеттеледі?
9. Құқық бұзушылық жасаған адамдарды әкімшілік ұстау тәртібі қалай?
10. Ұстау уақыты қалай есептеледі және қайда көрсетіледі?
11. Ұсталған адамға оның құқықтары мен міндеттері жайлы түсіндіре ме?

12. Кәмелетке толмағандарды жеткізу және ұстау тәртібі қалай?
13. Мас күйіндегі адамға қатысты әкімшілік ұстау мерзімі.
14. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ПО-ға жеткізілген және ұсталған адамдарды ресімдеу тәртібі қандай?
15. ПО ұсталған және жеткізілген адамдар қайда ұсталады?

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мақсатында, егер оларды құқық бұзушылық анықталған жерде жасау мүмкін болмаса, жеке тұлғаны, заңды тұлғаның өкілін мәжбүрлеп экспедициялау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы қандай?

- А) жеткізу
- В) ұстау
- С) Үйқамаққа алу
- Д) ұстау
- Е) жетек блогы

2. Жеткізу уақыты қандай?

- А) 20 минут ішінде
- В) мүмкіндігінше тезірек
- С) 1 сағат ішінде
- Д) 30 минут ішінде
- Е) 3 сағат ішінде

3. Құқық бұзушылықты тоқтату немесе өндірісті қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды тұлғаның жеке бостандығын қысқа мерзімді шектеу. Өндірісті қолдаудың қандай өлшемі туралы айтып отырмыз?

- А) жеткізу
- В) жетек блогы
- С) әкімшілік қамауға алу
- Д) Үйқамаққа алу
- Е) ұстау

4. Учаскелік полиция инспекторы, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік қамауға алу кезінде:

- А) әкімшілік қамауға алу туралы хаттама жасау
- В) әкімшілік қамауға алу мерзімдерін асыра орындаңыз
- С) ұстау кезінде процессуалдық әрекеттерді бұзу
- Д) ұсталған адамды оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етпеуге
- Е) қамауға алынған адамның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз бұзуға

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс қозғалған, әкімшілік жазалау шараларының бірі ретінде әкімшілік қамауға алуға әкеп соққан адамға қатысты әкімшілік қамау мерзімі қандай?

- A) 48 сағаттан артық емес
- B) 3 сағаттан артық емес
- C) 24 сағаттан аспайды
- D) 72 сағаттан аспайды
- E) 1 сағаттан аспайды

6. Маманға тексеру немесе қарау қажет болған жағдайда қандай мерзім ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалуы керек?

- A) сараптамалық қорытынды және (немесе) маман алған күннен бастап 2 күн ішінде
- B) сараптама қорытындысын және (немесе) маман алған күннен бастап 3 күн ішінде
- C) бірден
- D) сараптама қорытындысын және (немесе) маман алған сәттен бастап 24 сағат ішінде
- E) сараптама қорытындысын және (немесе) маман алған сәттен бастап 72 сағат ішінде

7. Жеткізу туралы сот қаулысын кім орындайды?

- A) тек ПО
- B) ҰҚК
- C) сот орындаушысы немесе полиция бөлімі
- D) тергеуші
- E) прокурор

8. Полицияның жергілікті инспекторы сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) хаттаманы қарау үшін қанша уақыт жіберуі керек?

- A) дайындалған күннен бастап 3 күн ішінде
- B) қол қойылған күннен бастап 1 күн ішінде
- C) дайындалған күннен бастап 7 күн ішінде
- D) дайындалған күннен бастап 2 күн ішінде
- E) дайындалған күннен бастап 5 күн ішінде.

9. Мас күйінде адамдық қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын поезд жолаушысын жеткізуге және әкімшілік ұстауға рұқсат етілген бе?

- A) тек жеткізу мүмкін
- B) иә
- C) тек сендіру әдістерімен және құқық бұзушылық үшін әкімшілік хаттама жасаумен шектелу
- D) жоқ
- E) құқық бұзушы масаң күйде болса ғана

10. Құқық бұзушы әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзім қандай:

А) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап алты ай ішінде

В) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап үш ай ішінде

С) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап бір күннің ішінде

Д) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап алты ай ішінде

Е) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бір жыл ішінде

11. Негізгі жазалау шараларын атаңыз:

А) тәркілеу

В) арнайы құқықтан айыру

С) тексеру

Д) ескерту, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамауға алу

Е) алып қою

12. Қосымша ретінде ғана қолданылуы мүмкін әкімшілік жазаны атаңыз:

А) әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, салынған құрылысты шекті бұзу

В) әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамауға алу, ескерту

С) шетелдікті және азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу

Д) тек ескерту және әкімшілік айыппұл

Е) салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу және әкімшілік қамауға алу

13. Әкімшілік қамауға алу кімдерге қолданылмайды:

А) 21 жасқа толмаған тұлғаларға

В) 16 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге

С) 18 жасқа толмаған адамдарға

Д) III топтағы мүгедектерге

Е) 50 жастан асқан әйелдерге және 60 жастан асқан еркектерге

14. Айыппұл салу туралы қаулыны ерікті түрде орындау мерзімі:

А) қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, бірақ 45 күннен кешіктірмей

В) қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, бірақ 30 күннен кешіктірмей

С) қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, бірақ 15 күннен кешіктірмей

Д) қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, бірақ 10 күннен кешіктірмей

Е) қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, бірақ 20 күннен кешіктірмей

15. Қандай шағымдар қарастырылмайды:

А) ұжымдық

- В) ауызша
- С) кәмелетке толмаған тұлғалар берген шағымдар
- Д) анонимді
- Е) қоғамдық бірлестіктер берген шағымдар

2.3. Кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау және жолын кесу

2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №1098 бұйрығына сәйкес кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыз және панасыз калудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданылады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз калудың жеке профилактикасы шаралары:

1) профилактикалық әңгімелесу (*Құқық бұзушылық профилактикасы туралы 2010 жылғы 29 сәуірдегі Заңының 23 пен 25 баптарында көзделген*);

2) құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс (*ҚР ӘҚБК 479 және 826 баптарында көзделген*);

3) профилактикалық есепке алу және бақылау (*Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 432 бұйрығы*);

4) тәрбиелік ықпал ету шаралары (*ҚР ӘҚБК-нің 69-бабы.*);

6) қорғау ұйғарымы (*Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 20-бабында көзделген*);

7) әкімшілік жаза - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар осы тараудың күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп танылады. (*ҚР ӘҚБК 65 және 67 баптарында көзделген*), он алты жасқа дейінгі балаларды ата-аналары жауап береді;

8) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығы.

9) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар.

№1 есеп.

Қостанай қаласы «Оңтүстік» ПБ полиция бөліміне 16 жасар Н.Аюбаевті жеткізді. Тергеу барысында дүкен сатушысын темекі сатпағаны үшін балағаттап, терезесін сындырғаны үшін жеткізілді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің: патруль, ПО кезекшісі, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УПИ әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3. Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№2 есеп.

ЖБО-на азамат А. «Айналайын» дүкенінің маңына «Ауди А6» көлігін бес минут бұрын қойғанын, біреу белгісіз бағытқа айдап әкеткені туралы хабарламамен жүгінді. ЖБО-ның кезекші бөлімінің қызметкерлері камераларды қарау барысында 17 жасар көршісі екені анықталады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Автоматокөлік құралын айдап әкеткен жағдайда қандай арнайы жедел жоспар енгізіледі?*
- 3. Көлік құралын айдап әкету кезінде ПО кезекшісі кімге бағдар береді?*

№3 есеп.

Кешкі 23:30 сағат шамасында КТІЖ УПИ қызметкерлері компьютерлік ойын-сауық тексеру кезінде екі жасөспірімді (16 және 18 жас) анықтады. Жасөспірімдер өздерімен бірге құжаттары жоқ екенін және ешкім жеке басын куәландыратын құжаттарды алып жүруге міндетті емес деп санайтынын айтты.

Тапсырма:

- 1. Жасөспірімдердің немесе олардың ата-аналарының іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*

№4 есеп.

Нұр-сұлтан қаласының тұрғыны азаматша Б. Жолаева баласына өзінің 17 жасқа толған туған күнін 20 жасқа толған үлкен баласының қарауымен түнгі клубта тойлауға рұқсат берді. Жергілікті полиция қызметінің полиция нарядының патрулі шамамен 23 сағат 30 минутта ПО-на кәмелетке толмағанды жеткізіп, анасына қатысты ҚР ӘҚБтК 422-бабының 1 тармағына сәйкес ойын-сауық жеріне түнгі сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін заңды өкілінсіз жібергені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады. Анықтау кезінде учаскелік полиция инспекторы үлкен ағасын інісінің заңды өкілі деп санамады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз. Құқық бұзушылықты саралау дұрыс жүзеге асырылды ма?*
- 2. ЖПҚ қызметкерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Осы факті бойынша қандай материал жинауы қажет?*
- 3. Осы жағдайда шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№5 есеп.

Затобол қаласының екі кәмелетке толмаған тұрғындары Досбол мен Айберген көшеде көлік жолына жүгіріп шығып, рұқсат етілмеген жерде жолдан өтті, нәтижесінде «Мицубиси-Лансер» көлігінің жүргізушісі жылдамдығын өзгертуге мәжбүр болып, ағашқа соғылды. Жаяу патруль мұны байқап, кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін тоқтатты.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3. Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№6 есеп.

Қостанай қаласының Оңтүстік полиция бөлімінің ЖПҚ КТІЖ УПИ «Күндісай» автобус аялдамасындағы дүкеннен бір кәмелетке толмаған бала бір қорап темекі алғанын байқап қалды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. КТІЖ УПИ әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3. Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№7 есеп.

23 сағат 10 минут шамасында ауылдық «Колос» мәдени үйінен шыға бергенде КТІЖ УПИ полиция қоғамдық көмекшісі А.С. Абылаевпен бірлесіп 16 жастағы Сакенов пен Исаевты тоқтатты, олар ата-аналарының рұқсатынсыз киноға барғандарын айтты.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3. Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№8 есеп.

ПП инспекторы он алты жастағы мотоцикл жүргізіп келе жатқан жүргізушісі М.Абиловты тоқтатып, мотоциклді айып алаңына қойып, кәмелетке толмағанға автокөлік құралдарын басқаруға 18 жастан бастап рұқсат берілетінін түсіндірді. Мотоциклді айып алаңына қою туралы актінің көшірмесін беріп, ата-анасын учаскелік полиция пунктіне шақыртты.

Тапсырма:

1. *Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.*
2. *Е. Васильевты әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?*
3. *Ұстау, жеткізу және көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу туралы акт құрастырыңыз.*

№9 есеп.

Тоғыз көпқабатты үйдің ауласында орындықта Айбек (18 жас), Айдос пен Жандос (16 жаста) отырды, Андрей темекісін шығарып, кәмелетке толмағандарға ұсынды. Олар темекі шегіп отырған кезінде КТІЖ УПИ мен УПИ көмекшісі келіп олардың бұл әрекеттерінің бейнебақылау камерасына түскендігі жайында айтты.

Одан әрі оларды УПП-не жеткізіп, ата-аналарын шақыртты.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
3. *Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
4. *Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№10 есеп.

Қостанай-Алматы поездының тамборында патрульдік полицейлері жолаушылар поездын аралау кезінде кәмелетке толмаған А.С. Аюбаев темекі шегіп тұрғанын көрді.

Тапсырма:

1. *А.С. Аюбаев әрекетін саралаңыз.*
2. *Патруль полицейлері қандай материал құрастыруы қажет?*
3. *Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі шаралары.
2. Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының негізгі міндеттері
3. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған арнайы білім беру ұйымдары бар ма?
4. Кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері қандай?
5. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функциялары.
6. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру тәртібі.
7. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын әкімшілік жазалар.
8. Кәмелетке толмағандар арасында қандай құқық бұзушылықтың жеке профилактикалық шаралары бар?
9. Кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы.
10. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қызметті ұйымдастыру.
11. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі.
12. Кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы.
13. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат.
14. Балалар мен отбасына қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу туралы қандай шаралар қойылады?
15. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен қараусыздықтың алдын алу.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторының қызметі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің қандай бұйрығымен реттеледі?
 - А) №1095-2015 жыл
 - В) №1098-2015 жыл
 - С) № 787-2003 жыл
 - Д) № 282-2010 ж
 - Е) № 290-2010 ж
2. 16 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері:
 - А) 5 АЕК

- B) 10 АЕК
- C) 7 АЕК
- D) 15 АЕК
- E) 30 АЕК

3. Кәмелетке толмағанға тағайындалған арнайы құқықтан айыру:

- A) 2 айдан аспайды
- B) 1 жылдан аспайды
- C) 1 айдан аспайды
- D) 3 айдан аспайды
- E) 6 айдан аспайды

4. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде кәмелетке толмаған адамды әкімшілік жауапкершіліктен немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуға бола ма?

- A) иә
- B) жоқ

C) егер әкімшілік құқық бұзушылық оған қатысты тәрбиелік шараларды одан әрі қолдана отырып, бірінші рет жасалған болса ғана

- D) істі қарайтын органның (лауазымды адамның) қалауы бойынша
- E) іске қатысушы прокурордың қалауы бойынша

5. Кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды және бірнеше рет құқық бұзушылық жасаудың құқықтық салдарын түсіндіру. Қарастырылып отырған тәрбиелік ықпал дәрежесі қандай?

- A) заңды түсіндіру
- B) бақылау бойынша босату
- C) келтірілген зиянның орнын толтыру міндеттемесін жүктеу
- D) бос уақытты шектеу

E) кәмелетке толмаған баланың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу

6. Бос уақытты шектеу және кәмелетке толмағанның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу сияқты тәрбиелік ықпал ету шарасын қанша уақытқа дейін қолдануға болады?

- A) 2 айдан 4 айға дейін
- B) 1 жастан 5 жасқа дейін
- C) 3 айдан 6 айға дейін
- D) 2 айдан 7 айға дейін
- E) 3 айдан 12 айға дейін

7. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған кәмелетке толмаған бала осы жазаға тартыла ма?

A) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 3 ай ішінде

B) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 6 ай ішінде

С) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 1 жыл ішінде

Д) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 7 ай ішінде

Е) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 9 ай ішінде

8. Егер де 18 жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралса, кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің қатысуы міндетті ме?

А) қажет

В) міндетті емес

С) судьяның қалауы бойынша

Д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның (лауазымды адамның) қалауы бойынша

Е) прокурордың қалауы бойынша

9. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әрбір кезде канша мерзімге ұзартуға болады?

А) 1 жылға;

В) 10 айға;

С) 6 ай;

Д) 2 жылға;

Е) 6 ай бірақ екі жылдан аспауы керек.

10. Профилактикалық есепке алу және бақылау кәмелетке толмағандарға қолданылмайды:

А) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған

В) дәлелсіз себептермен білім беру ұйымдарында сабақтарды өткізіп алғандарға

С) оларға қатысты қорғау ұйғарымы шығарылды

Д) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған

Е) оларға қатысты мінез-құлыққа ерекше талаптар қойылған

11. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, панасыз қалудың және қадағалаусыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді кім қамтамасыз етеді?

А) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары)

В) аумақтық ПО кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелері

С) қалалық қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері

Д) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар

Е) осы қоғамдық қатынастар саласындағы үкіметтік емес ұйымдар

12. Кәмелетке толмағандар ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдарына қандай мерзімге жіберілуі мүмкін?

- А) алты айдан екі жылға дейін
- В) алты айдан бір жылға дейін
- С) үш айдан бастап кәмелетке толмаған жасқа дейін
- Д) үш айдан бір жылға дейін
- Е) үш айдан екі жылға дейін

13. Кәмелетке толмағанға қорғау нұсқамасын шығаруға кім құқылы?

А) ПО ЖПҚ бастығы немесе оның орынбасары, КТІЖ УПИ және УПИ;

- В) КТІЖ УПИ және ПО бастығы мен оның орынбасары бекітеді;
- С) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды;
- Д) судья;
- Е) прокурордың санкциясымен ПО бастығы.

14. Арнайы білім беру ұйымдарына жіберу үшін не негіз болып табылады?

А) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қаулысы

- В) ПО қолдаухаты бойынша облыстық білім департаментінің жолдамасы
- С) ПО немесе прокуратура қаулысы
- Д) қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қаулысы
- Е) судьяның қаулысы

15. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар қоюға кім құқылы?

- А) сот;
- В) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды;
- С) тек ПО бастығы және оның орынбасарлары;
- Д) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия;
- Е) прокурордың санкциясымен ПО бастығы.

2.4. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне әрекет ету кезіндегі полиция қызметкерлері іс-әрекетінің негізгі алгоритімдері

2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» және 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271 «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеттер.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

1. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

2. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

4. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Жергілікті деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері (УПИ, Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторы, КТІЖ УПИ, ПП) өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

- тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

- профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

- тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;

- әкімшілік ұстауды жүргізеді;

- қорғау нұскаласын шығарады;

- сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы өтініш жасайды.

№1 есеп.

2021 жылдың 25 қаңтарында сағат 20:30 шамасында Қостанай қаласы ПБ кезекші бөліміне азамат А.Қ. Амановадан телефон қоңырауы түсті, ол өзінің бірге тұратын жұбайы М.А. Аманов үйіне масаң күйінде келгенін, оны әдепсіз сөздермен қорлағанын және үйдегі люстраны сындырғанын айтты.

Тапсырма:

- 1. А.Қ. Аманованың әрекетін анықтаңыз.*
- 2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?*
- 4. Бұл жағдайда құқық бұзушыға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?*

№2 есеп.

Сағат 22.00 шамасында АПБ кезекші бөліміне А.Л. Ажарованың көршісі өзінің 15 жасар ұлына күнде қол жұмсайтыны жөнінде және жауапкершілікке тартуын өтініп жүгінеді. АПБ кезекшісі осы фактіні (СДТТБТ) тәртібі бойынша тіркеп, сол ауданға жауапты УПИ-ін жіберді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. АПБ жедел кезекшісінің және УПИ іс-қимыл алгоритм әрекетін бағалаңыз.*
- 3. А.Л. Ажароваға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?*

№3 есеп.

Жұмысының ауырлығына байланысы азамат С.А. Аюбаев үйіне 22.00 сағатта мас күйінде келіп, өзінің азаматтық әйелі А.С. Амановамен жанжал шығарып, оны және оның анасын балағаттады.

Аманова УПИ шара қолдануын және Аюбаевпен екі жыл бірге тұрып жатқан пәтерінен шығаруға көмек көрсетуін сұрап өтінді.

Тапсырма:

- 1. Оқиғаны бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Әрекет алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау қажет?*
- 3. Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы ұсыным құрастырыңыз.*

№4 есеп.

Көшені аралау барысында УПИ мен оның көмекшісі қоғамдық орында азамат Көкбаевті анықтады. Анықтау кезінде азамат Көкбаев өзінің

өгей әкесі үйінен қуып жібергені туралы, сондай-ақ денесінде көгерген іздерінің болғандығы туралы анықтады.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.
2. Полиция қызметкерлері қандай әрекет жасауы қажет, және қандай материал құрастыруы қажет?
3. Әкімшілік жазалау тағайындау туралы шешімді кім қабылдайды?
4. Әкімшілік қадағалау белгіленген құқық бұзушыны профилактикалық есепке қою туралы баянат құрастырыңыз.

№5 есеп.

№ 65 ОМ-тің 7 сынып оқушысы М.Ракушев сабақты қайта-қайта өткізіп алады, кейде тіпті келмейді, бала ауа-райына қарай киінбейді, киімі ескі. Мұғалім М.Ракушевтің дүкеннің қасында өткендерден қайыр сұрап жүргенін көреді. Тұрғылықты жеріне барып отбасымен профилактикалық әңгімелесу барысында баланың әкесі көлікке қаржы жинап жатқанын және әйелі (балалардың анасы) мен балаларын әрдайым қаржы жағынан қысатынын, шығысын әрдайым есептеп отыратынын және жұмсалған ақшаның есебін сұрап отыратынын анықтады.

Оқушы сабаққа бармау себебін оны балалардың киімі үшін мазақ қылуынан екендігін айтты. Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

Тапсырма:

1. Жаздайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
3. М.Ракушевтың әкесі заңды жауапкершілікке тартылуға жата ма?
4. Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№6 есеп.

ҚПБ кезекші бөліміне сағат 9.00-де өзеннің әкесі кәмелетке толмаған баласын зорлау белгілері жоқ, денесінде көгерген іздерінің болғандығы туралы хабар түсті.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.
2. Әкесіне қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?

№7 есеп.

ҚПБ кезекші бөліміне сағат 00:30 шамасында азаматша Н.Б. Аманова жүгінді. Кешкі отырыстан тездетіп келмесең деп балағаттап, ар-намысым мен қадыр-қасиетіме тиісіп, жанжал шығарғанын айтқан. Азаматтық некедегі азамат Көкбаев 6 ай бұрын түзеу мекемесінен босап шыққаны туралы анықталды.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз?
2. ҚПБ кезекшісінің іс әрекетін саралаңыз.
3. Қандай жағдайларда ПО кезекшісі азаматтардан арыз қабылдаудан бас тартады?
4. Әкімшілік қадағалау белгіленген құқық бұзушыны профилактикалық есепке қою туралы баянат қрастырыңыз.

№8 есеп.

2021 жылдың 05 қаңтарында азаматша А.Қ. Аманова Қостанай қаласының оңтүстік полиция бөлімінің кезекші бөліміне жүгінді және оның жұбайы Б.А. Айтпаевтың жұмыстан жиі масаң күйінде келіп, үйде жанжал шығарады. Жанжал барысында оған дене жарақатын салады деп хабарлады. Жәбірленушінің айтуынша азамат Б.А.Айтпаев 2021 жылдың 15 қаңтарында кешке тағы да масаң күйінде үйге келіп, А.Қ. Аманованың сол жақ кеудесінің төменгі бөлігін ұрды. Соққыдан кейін жәбірленуші осы аймақта катты ауырсынуды сезінді, ол жұбайы Б.А. Айтпаевты одан әрі ашуландырудан қорқып, осы уақытқа дейін төзіп келген.

Тапсырма:

1. Б.А. Айтпаевтың әрекетін анықтаңыз.
2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.
3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?
4. Бұл жағдайда құқық бұзушыға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?

№9 есеп.

Азаматша М.А. Аюбаева алты ай бұрын өзінің азаматтық некедегі күйеуіне екі айға қырық мың теңге қарыз береді. Күйеуі алдымен берем деп уәде еткенімен артынан ақшасының жоқ екендігін және бере алайтындығын айтады. ҚПБ кезекшісі азаматша Аюбаева бұл оқиғада ешқандай құқық бұзушылық әрекеттерінің болмасада арызды алмады және азаматтық тәртіпте сотқа жүгінуін ұсынды.

Тапсырма:

1. Оқиганы саралаңыз және бағалаңыз.
2. ПО кезекшісі дұрыс жасады ма?
3. Осы арызды тіркеу қажет пе?

№10 есеп.

2021 жылдың 15 ақпанында АПБ кезекші бөліміне азаматша М. Жолаевдан көршілерінен айқай-шу, үй-күй болып жатқаны туралы хабар түседі. УПИ анықтау барысында әкесі кәмелетке толмаған баласын жуынатын бөлмеге қамап, үйіндегі мүлкін араққа айырбастап, ащы судың жетегінде кетіп қалатыны анықталған.

Тапсырма:

1. Жаздайды саралаңыз.
2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.
3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?
4. Бұл жағдайда құқық бұзушыға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы ҚР заңнамасы.
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу принциптері.
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері.
4. Арнайы әлеуметтік қызметтер.
5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері.
6. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы ПО құзыреті.
7. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары.
8. Қорғау нұсқамасы.
9. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер.
10. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстардың алдын алу және алдын алу.
11. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласына қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасы.
12. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу.
13. Отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды профилактикалық есепке алу және бақылауға алу
14. Отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
15. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Қандай жағдайларда учаскелік полиция инспекторы отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында заңсыз әрекеттерді жасаған адамды ПБ-не немесе аумақтық полиция бөліміне әкеле алмайды?
 - А) егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық жасалған жерде жасалған болса
 - В) құқық бұзушының агрессивті мінез-құлқымен
 - С) құқық бұзушының заңсыз әрекеттерін жалғастыру қаупімен

Д) егер құқық бұзушылық жасалған жерде хаттама жасау мүмкін болмаса

Е) жәбірленушінің, кәмелетке толмағандардың және еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет жағдайларда

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің қандай бабы қорғаныс бұйрығын бұзған жағдайда адамның жауапкершілігін қарастырады?

А) 460-бап

В) 480-бап

С) 361-бап

Д) 461-бап

Е) 73-бап

3. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында заңға қайшы әрекеттер болған кезде кәмелетке толмаған адамға дене жарақаты болған кезде учаскелік полиция инспекторының іс-әрекетін көрсетіңіз?

А) өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, жедел жәрдем шақырады немесе алғашқы медициналық көмек көрсетеді, хаттама жасайды және қылмыскерді жауапқа тартады, қорғаныс туралы бұйрық шығарады, қорғаншы және қамқоршы органдарға, ювеналды полиция қызметкерлеріне хабарлайды

В) медициналық көмекке жүгінеді және барлық материалдарды ювеналды полиция қызметкерлеріне береді

С) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларын шақырады және олардың басшылығымен сот ісін жүргізеді

Д) жедел жәрдемді, жедел-тергеу тобын шақырады және материалдарды тергеу немесе анықтау бөліміне береді

Е) жедел жәрдем шақырады, акт жасайды және материалдарды қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, ювеналды полиция қызметкерлеріне береді.

4. Судья белгілі бір жерлерге баруға, тұрмыстық зорлаушының мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған кезде басқа жерлерге баруға тыйым сала ала ма?

А) тек кәмелетке толмаған құқық бұзушылар үшін

В) жоқ

С) иә

Д) тек қорғау ережелерін бұзғаны үшін

Е) мұндай шектеу заңмен қарастырылмаған

5. Сот тұрмыстық зорлаушыға оның мінез-құлқына ерекше талаптар қою кезінде қандай шектеулер қоймайды?

А) іздемеңіз, қудаламаңыз, жәбірленушіге бармаңыз

В) алкогольді ішімдіктер мен есірткі заттарын қолданбаңыз

С) атыс қаруын сатып алмаңыз немесе пайдаланбаңыз

Д) мәжбүрлі психокоррекциялық бағдарламадан өту

Е) зорлық-зомбылық құрбанымен бірге өмір сүрмеңіз

6. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қандай түрлері қарастырылған?

- A) тек физикалық жыныстық және психикалық;
- B) тек физикалық, экономикалық және психологиялық;
- C) физикалық, психикалық, жыныстық және материалдық;
- D) физикалық, психологиялық, жыныстық және материалдық;
- E) физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық.

7. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар қою туралы сотқа кім өтініш бере алады?

- A) тек тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны;
- B) ішкі істер органдары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылар;
- C) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының пікірін ескере отырып, тек ІО;
- D) тек прокуратура;
- E) тек ІО.

8. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын кім әзірлейді?

- A) ҚР Парламенті Мәжілісінің арнайы жұмыс тобы;
- B) Қазақстан Республикасының Прокуратурасы;
- C) Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары;
- D) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- E) ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат комитеті.

9. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы аймақтық бағдарламалық құжаттарды кім бекітеді?

- A) Облыстың ішкі істер департаменті;
- B) жергілікті өкілді органдар;
- C) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- D) аймақтық Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары;
- E) мұндай мамандандырылған бағдарламалар заңнамада қарастырылмаған

10. Қорғау нұсқамасын шығаруға кім құқылы?

- A) ІО ЖПҚ бастығы немесе оның орынбасары, КТІ УПИ және УПИ;
- B) УПИ және ІО бастығы мен оның орынбасары бекітеді;
- C) кез-келген сертификатталған жергілікті полиция қызметкері;
- D) судья;
- E) прокурордың санкциясымен ІО бастығы.

11. Қорғау ұйғарымы шығарылған азаматтарды тексерудің кезеңділігі қандай?

- A) 2 күнде кемінде бір рет;
- B) 7 күнтізбелік күнде бір реттен кем емес;
- C) апта сайын жұмыс орнында және екі күнде бір рет тұрғылықты жерде;
- D) ІО бастығының қалауы бойынша айына бір реттен 4 ретке дейін;
- E) он күн сайын.

12. Мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған азаматтарды тексеру жиілігі қандай?

- A) аптасына кемінде бір рет;
- B) күнделікті;
- C) оқу орны бойынша күн сайын және тұрғылықты жері бойынша екі күнде бір рет;
- D) үш күнде бір реттен кем емес;
- E) он күн сайын.

13. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағанға қатысты қорғау нұсқамасы қандай мерзімге шығарылуы мүмкін?

- A) 10 күнге дейін;
- B) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шара қолданылмайды;
- C) 15 күнге дейін;
- D) 20 тәулікке дейін;
- E) 30 тәулікке дейін.

14. Тұрмыстық әкімшілік құқық бұзушылық үшін ішкі істер органдарына тұрмыстық зорлаушыны қандай мерзімге жеткізуге болады?

- A) тек 3 сағатқа дейін
- B) тек үш сағатқа дейін, ал егер құқық бұзушы медициналық қызметкер белгілеген айыққанға дейін мас болса
- C) 48 сағатқа дейін
- D) жеткізу ең қысқа мерзімде жасалуы керек
- E) 24 сағатқа дейін

15. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі қай сәттен басталады?

- A) іс қозғалған сәттен бастап
- B) оны тұрмыстық зорлаушыға тапсырған сәттен бастап 10 күннен кейін
- C) дереу танысу сәтінен тұрмыстық насильника
- D) оны тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына тапсырған сәттен бастап
- E) оны тұрмыстық зорлаушыға тапсырған сәттен бастап.

2.5. Азаматтар мен кәсіпорындардың мүлкін ұрлаудың жолын кесу және оның алдын алу жөніндегі іс-әрекеттері

2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 798-бабында көрсетілгендей заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап-тексеруді осы Кодекстің 804-бабына сәйкес заңды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы хаттамалар жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүргізеді. Ұрлықтың жолын кесу мен алдын алып, ашудағы маңызды міндеттердің бірі басқару функциялары мен техникалық құралдарды, жедел-анықтамалық есепке алуды, сараптама және зерттеу жүйелерін, сондай-ақ қызметтік-ізвестіру иттерін пайдалану арқылы жүзеге асырады.

Күзетілетін объектілерден ұрлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларға: полиция жасақтарының өздерінің қызметтік міндеттерін нақты орындауы, олардың жеке тергеуін қолдануы, объектілер мен күдікті адамдарды үнемі бақылау, күзетілетін объектілердегі өткізу және бақылау режимін, объектілерде сигнализация орнату, халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу кіреді. Бастапқы тергеу әрекеттерінің қатарына мыналар жатады:

1. Оқиға орнын тексеру.
2. Куәгерлер мен жәбірленушілерді анықтау және жауап алу.
3. Бастапқы жедел-ізвестіру шаралары.

№1 есеп.

Майкөл ауылында кешкі 23 сағат 15 минут шамасында УПИ аусымнан соң үйіне қайтып бара жатып екі белгісіз адамның дүңгіршектің есігін бұзып жатқандығын көреді. Жақындап келе жатқан полицейді көріп олар қаша жөнеледі, ал УПИ олардың тоқтауын талап етіп соңдарына түседі. УПИ өзімен бірге табельдік қаруы болғандықтан ол оны қолдануды шешіп, біреуін көздеп атып аяғынан жаралады.

Тапсырма:

1. *Жағдайды және УПИ әрекетін бағалаңыз.*
2. *Осы факті бойынша полиция қызметкерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
3. *Табельдік қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№2 есеп.

Патрульдік полиция наряды сағат 23.30 минут шамасында Лисаковск қаласының № 17 учаскесінде патрульде болды. Полицейлер екі чемодан мен екі үлкен сөмке алып келе жатқан екі ер адамды тоқтатып, бағдарлау қағазы бойынша тонауға қатыстарының болуын тексермек болды. Бірақ ер адамдар заттарын тастап қаша жөнелді. Олардың соңына түскен патруль қызметкері жоғарыға бір оқ және оларға бағыттап екі оқ атып, біреуінің аяғын жаралады, ал екіншісі қашып кетті.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды және патрульдік полиция қызметкерлерінің әрекетін бағалаңыз.*
- 2. Қару қолданғаннан кейінгі полиция қызметкерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3. Табельдік қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№3 есеп.

2021 жылғы 24 қаңтарында сағат 22:00 шамасында УПИ өзінің КТІЖ УПИ мас жасөспірімдер тобына (5 адам) жақындады, олар подъездің қасында тыныш деген сөздерді жиі қолдана ақша санап жатқанын байқады.

УПИ мен КТІЖ УПИ екі құқық бұзушыны ұстап кезекші бөлімге алып келді. Кезекші бөлімде олардың дүкен кассасын тонағаны анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Полиция қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?*

№4 есеп.

Қостанай қаласында орналасқан Көк базар маңынан М.Хасановты ПП қызметкерлері кезекші бөлімге алып келеді. Анықтау барысында М.Хасанов орталық базарға келген азаматтардың қалтасынан ақша, бағалы заттарын алатындығы анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Полиция қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?*

№5 есеп.

2021 жылдың 10 қаңтарында сағат 01.30 минут шамасында ЖБО-ның кезекші бөліміне қаланың орталығындағы «АЛТЫН» ломбардына қарулы шабуыл жасалғандығы туралы хабарлама түсті. Күштер мен құралдарды басқару тобының инспекторы оқиға орнына осы ауданға кезекшілік атқарушы тек қана бір көлік патрулін жіберді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Егер оқиға орнына қаланың басқа аудандарынан көлік патрулін жіберсе, ЖБО қызметкерінің әрекеті заңды болар ма еді?*
- 3. Егер заңды болса, онда басшылықтың рұқсаты қажет пе?*

№6 есеп.

Қостанай станциясының ЖПБ жаяу патруль қызметкерлері темір жол вокзалының маңында қоғамдық тәртіпті күзету бойынша қызмет атқару

барысында Қостанай-Алматы тасымалдауға бағытталған № 046 поездының ішінде азамат А. алтын сағатын жоғалтып алғанын хабарлады. Вагон тасымалдаушысы мен ЖПБ қызметкері азаматтардың жүктерін тексере бастады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ЖПБ қызметкерлерінің іс әрекетін мазмұндаңыз?*
- 3. ЖПБ қызметкерінің әрекеті дұрыс па?*

№7 есеп.

ЖБО-ның кезекші бөліміне «Евразия» айырбастау пунктінің кассирінен бетперде киген екі белгісіз тұлғалар пышақпен қаруланып, күш көрсетіп, 750.000 теңге ақша алып, мемлекеттік нөмірсіз кара түсті «Мерседес» маркалы автокөлігімен бой тасалағаны туралы хабарлама келіп түсті.

Тапсырма:

- 1. Жедел кезекші қандай арнайы жедел жоспарды енгізуі тиіс?*
- 2. Көлік құралын ұстау үшін қандай күштер мен құралдар тартылады?*
- 3. Арнайы жедел жоспарын жүргізуге кім рұқсат береді?*
- 4. ИБ ЖБО жедел кезекшісінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*

№8 есеп.

Әкімшілік қадағалауда тұрған А.Б. Қалтаевтың тұрғылықты жерін тексеру кезінде 22:00 сағат шамасында ол үйінде болмады. Оның анасы жұмыс бабымен шығып кеткендігін айтты. Сол уақытта қаланың орталығындағы «Айналайын» дүкені тоналғаны туралы хабар түскен.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және талқылаңыз*
- 2. Жауап алу хаттамасын құрастырыңыз.*
- 3. ИО қызметкерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз және аталған факті бойынша қандай Қалтаевтың қатысы болса қандай құжат жинау қажет?*
- 3. Аталған факті бойынша Қалтаевтың қатысы жоқ болса қандай шешім қабылдайды?*

№9 есеп.

ЖП патрульдік полиция қызметкерлері жұмыс барысында жүк поездының контейнеріндегі жұлынған пломбаны байқады, бірақ контейнерде ешқандай бұзылу көріністері болған жоқ.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. Полицейлер қандай әрекет жасау керке?*
- 3. Осы жағдайда ИО қызметкерлері қандай сұрақтарды анықтауы керек?*

№10 есеп.

ҚІПБ кезекші бөліміне 21.00 сағат көлемінде таныс емес азамат хабарласты және тауар ауласында мұнай қоймасының жанып жатқандығын хабарлады.

Тапсырма:

- 1. ІІО кезекшісі нені анықтауы тиіс?*
- 2. ЖІІО кезекшісі түскен ақпаратты қалай тіркейді?*
- 3. ЖІІО кезекшісі болған жағдай туралы кімге хабарлайды?*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қарап-тексерілген заттардың иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда не жазылады?
2. Бастапқы жедел-ізвестіру шаралары және тергеу әрекеттері қалай?
3. Ұрлықты ашу бойынша одан әрі жұмысты жоспарлау.
4. Ұрлықтың алдын алу мен ашудағы маңызды міндеттердің бірі.
5. Бастапқы жедел-ізвестіру шаралары және тергеу әрекеттері қалай?
6. Оқиға орнын тексеру әрекеттері қалай?
7. Оқиға орнында қандай іздер ерекшеленеді?
8. Қарап-тексеру әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалғанға дейін жүргізілуі мүмкін бе?
9. Ұрлықтың алдын алу мен жолын кесу шаралары қалай жүзеге асырылады?
10. Тірі адамдарды қарап-тексеруді кімнің қатысуымен жүргізіледі?
11. Тірі адамдарды қарап-тексеруді қандай адамдар жүргізеді?
12. Тірі адамның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге де заттар бар деуге негіздер болған ерекше жағдайларда қарап-тексеру неше уақыт ішінде прокурорға бұл жөнінде хабарлау қажет?
13. Табылған іздер мен өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру қай жерде жүзеге асырылады?
14. Іске қатысы болуы мүмкін дейтіндей заттарды алып қоя алады ма?
15. Қажет болған жағдайларда қарап-тексеру кезінде қарап-тексерілетін объектілер қалай өлшенеді?

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін жеке тұлғаны мәжбүрлеп алып жүру-бұл?
 - А) бостандығын шектеу
 - В) жеткізу
 - С) ұстау
 - Д) әкімшілік қамауға алу
 - Е) нұсқама беру

2. Жеке басты жете тексеруді және жеке тұлғаның өзімен бірге алып жүрген заттарын жете тексеруді кім жүргізе алады?

- A) үкіметтің қаулысымен
- B) прокурордың рұқсатымен
- C) тек соттың санкциясымен
- D) уәкілетті лауазымды адамдар ғана жүргізеді
- E) ешкім де жүргізе алмайды

3. Жеке тұлғаның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге де нәрселер бар деуге негіздер болған ерекше жағдайларда, жеке басты жете тексеру, заттарын жете тексеру неше сағат ішінде прокурорға хабарлауы тиіс?

- A) 24 сағат
- B) 12 сағат
- C) 3 сағат
- D) 48 сағат
- E) 72 сағат

4. Әкімшілік ұстап алу мерзімдері.

- A) 24 сағат
- B) 3 сағат
- C) бір тәулік
- D) 48 сағат
- E) 72 сағат

5. Әкімшілік ұстап алу тәртібі.

- A) ұстап алу хаттамасы
- B) ұстап алу қаулысы
- C) акті жасалады
- D) қорғау нұсқамасы
- E) ұйғарым

6. Ұсақ ұрлық (ҚР ҚК 187-бабы)

- A) Біреудің мүлкін жасырын ұрлау
- B) Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкіне құқықты иемдену
- C) Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді заңсыз жинау
- D) Иемдену немесе ұрлау, яғни кінәліге сеніп тапсырылған біреудің мүлкін ұрлау
- E) болмашы мөлшерде жасалған бөтен мүлікті ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу

7. Төменде көрсетілген объектілердің қайсысы ұрлық заты болып табылмайды (ҚК 188-бабы)

- A) құжаттар
- B) жеке заттар
- C) машиналар
- D) шетел валютасы
- E) бағалы қағаздар

8. Ұрлық (ҚК 188-бабы) - бұл

- A) біреудің мүлкін ашық ұрлау
- B) басқа адамдардың мүлкін ашық иелену
- C) бөтен мүлікті жасырын ұрлау
- D) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолданумен біріктірілген бөтеннің мүлкін ашық ұрлау
- E) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданумен біріктірілген бөтеннің мүлкін ашық ұрлау.

9. ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі «ұрлық» бойынша қылмыстық құқық бұзушылық үшін кім қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

- A) 13 жасқа толған жеке тұлға
- B) 18 жасқа толған жеке тұлға
- C) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он төрт жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға
- D) жас шектеусіз
- E) лауазымды тұлға

10. Ұрлық нысандары

- A) қарақшылық
- B) ұрлық
- C) тонау
- D) алаяқтық
- E) барлық жауап дұрыс

11. Қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдардың жас мөлшері.

- A) 21
- B) 16
- C) 18
- D) 14
- E) 20

12. Өз кезегінде пайдакүнемдік қылмыстар 2 топқа бөлінеді.

- A) қылмыс, теріс қылық
- B) олар бөлінбейді
- C) немқұрайлық, менмендік
- D) бөтеннің мүлкін ұрлау, меншікке қарсы т.б.
- E) дұрыс жауабы жоқ

13. Ұрлық дегеніміз.

- A) бөтеннің мүлкін талан - таражға салу
- B) сенімді теріс пайдалану жолымен мүлкін иемдену
- C) бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру
- D) бөтеннің мүлкін ашық жымқыру
- E) барлық жауап дұрыс

14. Жеке басты жете тексеру, жеке тұлғаның өзімен алып жүрген заттарын жете тексеру туралы хаттамада не көрсетілмейді?

- A) жасалған күні
- B) маркасы, моделі

- С) сериясы, нөмірі
- Д) криптологиялық құралдарының саны
- Е) фото, бейнежазбалар

15. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адам қандай жазаға тартылады?

- А) түзеу жұмыстары
- В) айыппұл
- С) бас бостандығын шектеу
- Д) бас бостандығынан айыру
- Е) барлық жауап дұрыс

2.6. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесу және олардың алдын алу жөніндегі іс-әрекеттері

1998 жылғы 10 шілдедегі «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» № 279 Заңының 1-тармағына сәйкес есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер ретінде жіктелген, оларды шектен тыс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар.

Алу көздері мен химиялық құрылымы бойынша есірткі құралдарын 3 топқа бөліп қарастырады:

1. табиғи есірткі;
2. жартылай синтетикалық есірткі;
3. синтетикалық есірткі.

Бірінші топқа көкнәр өсімдіктері. Қазақстанның шөлейт және таулы аудандарда тараған 11 түрі бар. Одан алынған есірткі – ең маңызды сортына дәрілік апиын көкнәрі жатады. Оның піспеген қауашағының шырынынан дәрі алынады. Көкнәрдің биіктігі 20 – 90 см. Сабағы жіңішке, түкті жапырағы жалпақ, гүлдері ақ, сары, қызыл қызғылт, гүл сағағы ұзын, олар шар тәрізді гүлшоғырына топталған. Көкнәрдің өз құрамында папаверин, морфин, кадеин, апиын деп аталатын алколоидтар болады. Көкнәр сабаны (кокнар) – көкнәр сабағы мен қораптарынан тұратын шикі немесе кептірілген өсімдік массасы, олар тұтас немесе ұнтақ күйінде болуы мүмкін. Түсі ашық жасыл, қою жасыл, ашық қоңыр, қоңыр.

Екінші топқа героин, гидроморфин, оксикодон, эторфин жатады. Героин - морфиннен синтездеу арқылы алынатын есірткі заты, нәтижесінде героинге айналуы мүмкін зат түзіледі.

Үшінші топқа методон, промедол, фентанил кіреді.

№1 есеп.

Заңсыз есірткі бизнесімен және есірткіні заңсыз айналымымен күрес бойынша ПО қызметкері құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар дәрілік препараттарды жарнамалаумен көрінген әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз
2. Осы жағдайда қандай лауазымды тұлғалар әкімшілік құқық бұзушылық бойынша өндірісті қозғауға құқылы?
3. Кім әкімшілік сөгіс салуға құқылы?
4. Әкімшілік құқық бұзушылық ісі туралы іс бойынша құжаттарды атаңыз.

№2 есеп.

Патрульдік полиция қызметкерлері қызмет барысында жасөспірім Айбек пен Асланды № 65 орта мектептің ауласында рұқсат жоқ жерде темекіге ұқсас есірткіге ұқсас затты шегіп отырған жерлерінен көрді. ПП қызметкерлерінің ескертулерін тыңдамады, учаскелік полиция пунктіне жеткізілген кезде бағынбаушылық танытты.

УПИ анықтауы кезінде Айбек үш ай бұрын осындай құқық бұзушылықпен ұсталғаны туралы анықталды.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы УПИ қандай құжат толтыруы қажет.

№3 есеп.

2021 жылдың 2 ақпанында сағат 11.30 минут шамасында № 40 орта мектептің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полиция лейтенанты А.Абаев және осы мектептің тәрбие жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары А. Аманжоловамен бірге мектептің дәретханасынан оқушылардың таблеткалық есірткіге ұқсас құралдарды қабылдайтынын байқады.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы КТІЖ УПИ қандай құжат толтыруы қажет.
5. Мектептің тәрбие жұмыстары жөніндегі директоры жауапкершілікке тартылады ма?

№4 есеп.

2021 жылдың 15 ақпанында 17:20 сағат шамасында Тараз қаласының Шу станциясының маңында ЖПБ УПИ полиция капитаны А.Қалтаев патрульдеу кезінде азаматша М. Каршалованы УПП-не жеткізді.

Анықтау барысында азаматша М. Каршалованы есірткіге ұқсас заттарды кеуірттің қорабына салып ұсынып тұрған жерінен анықтаған.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?

№5 есеп.

Қоғамдық орында есірткі қолданғаны үшін полиция екі азаматқа ішкі істер бөліміне жүруін өтінді. Азаматтар оның сөзіне құлақ аспай, оны балағаттап, барудан бас тартты. Осы кезде полиция қызметкері азаматтарды резина таяқпен ұрып оларды ішкі істер бөліміне жеткізді.

Тапсырма:

- 1. Полицияның ісі дұрыс па?*
- 2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 3. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?*
- 4. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?*

№6 есеп.

Полиция қызметкері есірткі қолданып жатқан бір адамды ұстайды. Алайда ұсталған адам қарсылық көрсетіп қаша жөнеледі. Бірақ полиция оны қуып жетіп, қолына кісен салып бөлімшеге жеткізді.

Тапсырма:

- 1. Полицияның әрекеті дұрыс па?*
- 2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 3. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?*
- 4. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?*

№7 есеп.

ҚІБ аз. А.Азаматов автокөлікті есірткі қолданғаны күйінде жүргізгені үшін жеткізілді. Анықау жүргізгенде Азаматов 6503 ә/б әскери қызметкері екені анықталды. Осы факт бойынша кезекшіге қандай құжат жинауға керек?

Тапсырма:

- 1. ҚІБ кезекшінің іс-қимылы?*
- 2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 3. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?*
- 4. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?*

№8 есеп.

Учаскелік инспектор өз учаскесін аралап жүріп, үйлердің арасынан шыққан қатты айқайды естиді. Аулаға кірген кезде екі есірткі шегетін адамдардың төбелесіп жатқанын көреді, олардың біреуі екіншісін пышақпен ұрып құлатып, қашпақшы болады, бірақ учаскелік инспектор оның жолын бөгеп жібермейді. Қылмыскер үйдің қабырғасына тақалып «Жолама, өлтірем» деп айқайлап пышағын бірнеше рет сілтеді. Ол учаскелік инспектордың пышағыңды таста дегеніне қарамастан өзіне қарсы жүгіріп сытылып қашып шықпақшы болады. Учаскелік инспектор қылмыскердің шабуылынан қорғана жүріп, жерде жатқан темір құбырдың кесіндісін алып оны басынан ұрып ауыр жарақат түсірді.

Тапсырма:

- 1. Учаскелік инспектордың ісі дұрыс па?*

2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
3. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
4. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?

№9 есеп.

Азамат Н., іссапардан есірткі қолданып келіп, Пушкин 135 мекенжайындағы өз үйінің есігін қақты. Есікті әйелі ұзақ уақыт ашпады. Азамат Н. терезеден бір ер адамның секіріп шығып қаша жөнелгенін көрді. Азамат Н. әйелін көзіне шөп салады деп күдіктеніп соңынан қуа жөнелді. Азамат Н. әйелі күйеуінен қорқып көшеге жүгіріп шықты, азамат Н. оны балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытты. Әйел учаскелік полиция инспекторына келіп шағымданып, күйеуіне шара қолдануын сұрады. Осы оқиғаның куәгерлері азамат Н. көршілері болды.

Учаскелік полиция инспекторы ҚР ӘҚБК 73-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап, қорғау нұсқамасын шығарды.

Тапсырма:

- 1) Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.
- 2) Азамат Н.-ге қатысты қандай әкімшілік мәжбүрлеу және жеке алдын алу шаралары қолданылады?
- 3) Азамат Н.-ді жазалай туралы шешімді кім қабылдайды?

№10 есеп.

Азамат А. Пригородный поселкісінің көшесінде 15 жыл көрмеген сыныптасы азаматша О. көріп, үйіне шығарып салды. Сыныптасы оны үйіне шай ішуге шақырып есірткі қолданды. 20 минуттан соң азаматша О. күйеуі келді, ол қызғаныштан жанжал шығарып, азамат А.ға күш көрсететінін айтып қорқытты.

Азамат А. үйден шығып бара жатып, азаматша О.-ның күйеуі өзіне бағытталып келе жатқанын көрді. Азамат А. аулаға жүгіріп шығып моншаға тығылды. Азамат А. ұялы телефонынан ЖБО хабарласты, бірақ толық мекенжайды білмегендіктен айта алмады. ЖБО кезекшісі учаскелік полиция инспекторына хабарлап, мекенжайды анықтамақ болды. Азаматша О. күйеуі балтамен есікті сындырмақ болды, және әрі қарай қорқытуын қоймады.

Тапсырма:

- 1) Жағдайды саралаңыз.
- 2) ЖБО кезекшісінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Азамат А. Қандай кеңес беруі қажет?
- 3) Оқиға орнына келген ІІО қызметкерлері қандай жанжалдың жолын кесу шараларын қолдануы тиіс?

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы науқастардың еңбегін ұйымдастырудағы ІІО рөлі қандай?

2. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы науқастардың құқықтары мен міндеттері.
3. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкогольмен және нашақорлықпен ауыратын науқастардың мінез-құлық қағидалары және оларды орналастыру шарттары.
4. Маскүнемдер мен нашақорлар деп танылған адамдарды ПО-ға есепке алу тәртібі қалай?
5. Мәжбүрлеп емдеуге арналған ішкі істер органдары мен наркологиялық ұйымдардың өзара іс-қимылы.
6. Нашақорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайлары.
7. ПО-ның кәмелетке толмаған маскүнемдермен және нашақорлармен профилактикалық жұмысы.
8. Маскүнемдіктің және нашақорлықтың алдын алу кезінде ПО қызметін ұйымдастыру тәртібінің іс-әрекеттері.
9. Алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратындардың құқықтық жағдайы.
10. Алкоголизм мен нашақорлықпен ауыратындардың әлеуметтік қауіптілігі.
11. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымнан шыққан адамдарды еңбекке және тұрмыстық жайластырудағы ПО рөлі.
12. Алкоголизм мен нашақорлық себебінен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берген адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі қалай?
13. Нашақорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттары.
14. Алкоголизмнің жеке профилактикасы.
15. Маскүнемдік пен нашақорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың себептері мен шарттары.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Адам қатты алкогольдік мас күйінде, бірақ сонымен бірге қалыпты көріністе, тыныш және агрессивті емес күйде табылған кезде учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін көрсетіңіз?

А) қызмет идентификаторын көрсету үшін пайда болады; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; адамның келісімі болған жағдайда оны үйіне алып жүреді

В) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді

С) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды; құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын жердегі УПП-ге жеткізеді

Д) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін жақын жердегі УПП жеткізеді

Е) ұстау себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын маңдағы УПП-ға немесе уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына жеткізеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды

2. Участкелік полиция инспекторының адам ауыр алкогольдік масаң күйде, әдепсіз мінез-құлықта болған кезде, іс-әрекет алгоритмін көрсетіңіз?

А) қызмет идентификаторын көрсету үшін пайда болады; барлық әрекеттер бейнетіркеуішке жазылады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; алкогольдік мастану дәрежесі және орталыққа орналастыру қажеттілігі анықталатын жақын маңдағы УПП-не немесе уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді; ҚР ӘҚБтК-ның 440-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды немесе құқық бұзушыны есінен жиғаннан кейін орталықта кезекші полиция қызметкері осы хаттаманы жасайды

В) ұстау себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын маңдағы УПП-ға немесе уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына жеткізеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды

С) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; адамның келісімі болған жағдайда оны үйіне алып жүреді

Д) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді

Е) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды; құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын жердегі УПП-ге жеткізеді

3. Алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі кәмелетке толмаған баланы қайда апару керек?

А) КТБО-ға

В) медициналық мекемеге

С) әкімшілік ұсталғандарға арналған бөлмеге

Д) тек қызметтік үй-жайға (кабинетке)

Е) тек үйге

4. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адамды өз еркімен емделуден жалтарған жағдайда стационарлық емдеуге жатқыза аламыз ба?

- A) УПИ-нің шешімімен
- B) медициналық мекеменің шешімімен
- C) емделуден жалтарса жатқыза алмаймыз
- D) соттың шешімімен
- E) тек үйге

5. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін лицензия қай мерзімге беріледі?

- A) 2 жылға
- B) 3 жылға
- C) 4 жылға
- D) 5 жылға
- E) 1 жылға

6. Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесін, сондай-ақ оларды әзірлеу, өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту, босату, сату, бөлу, сатып алу, пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету ережелерін белгілейді?

- A) ҚР Президенті
- B) ҚР Үкіметі
- C) ҚР ИМ
- D) ҚР ҰҚК
- E) ҚР Бас прокуроры

7. Белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар мөлшерін қамтиды?

- A) мемлекеттік квота
- B) бөлшек сауда
- C) көтерме сауда
- D) халықаралық комитет
- E) денсаулық сақтау ұйымы

8. Есірткі және психотроптық дәрілік заттарды әзірлеуді жүзеге асырады?

- A) қызметтің осы түріне лицензиясы бар мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері
- B) қызметтің осы түріне лицензиясы жоқ мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері жүзеге асырады
- C) қызметтің осы түрімен айналысуға рұқсаты бар фармацевтикалық зауыттар
- D) қызметтің осы түрімен айналысуға рұқсаты бар барлық мекемелер
- E) дұрыс жауап жоқ

9. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді жүзеге асырады?

- A) осы қызмет түріне лицензиясы бар жеке тұлғалар
- B) осы қызмет түріне лицензиясы жоқ заңды тұлғалар
- C) осы қызмет түріне лицензиясы бар заңды тұлғалар
- D) осы қызмет түріне лицензиясы бар ҚР азаматтары
- E) осы қызмет түріне лицензиясы бар барлық адамдар

10. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімі қанша кестеден және тізімнен тұрады?

- A) II
- B) III
- C) IV
- D) V
- E) VI

11. Қазақстан Республикасында айналымына тыйым салынған есірткі, психотроптық заттар қай кестеге енгізіледі?

- A) I
- B) II
- C) III
- D) IV
- E) V

12. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды жою қай кезде жүзеге асырылады?

A) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жарамдылық мерзімі өткен болса

B) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тәркіленген болса

C) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар химиялық немесе физикалық әсерге ұшырап, соның салдарынан қайта қалпына келтіру немесе қайта өңдеу мүмкіндігінен айырылып, жарамсыз болған жағдайда

D) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың ғылыми немесе өзге де құндылығы болмаған жағдайда

E) барлық жауап дұрыс

13. Заңды тұлғаларға өздерінің өндірістік мұқтаждарынан артық мөлшердегі прекурсорларды сақтауға:

- A) тыйым салынады
- B) тыйым салынбайды
- C) арнайы лицензиясы болса ғана рұқсат етіледі
- D) заңда көзделген жағдайлар болса рұқсат етіледі
- E) жарамдылық мерзімі өтпесе рұқсат етіледі

14. Заңсыз айналымдағы есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар, оларды заңсыз әзірлеуге пайдаланылатын заттар, аспаптар мен жабдықтар, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлардың заңсыз айналымына

пайдаланылатын мүлік пен ақша қаражатын не олардың заңсыз айналымы нәтижесінде алынған табыс:

- A) тәркіленеді
- B) тәркіленбейді
- C) мемлекет кірісіне алынбайды
- D) тәркіленеді және мемлекет кірісіне алынады
- E) тәркіленеді бірақ мемлекет кірісіне алынбайды

15. Медициналық куәландырудан немесе медициналық тексеруден жалтаратын адам:

- A) әкімшілік жауапкершілікке тартылады
- B) наркологиялық мекемеге әкелінуге тиіс
- C) жұмыстан босатылады
- D) қамаққа алынады
- E) дұрыс жауап жоқ

2.7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар бойынша полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттері

2003 жылғы 8 ақпандағы «Төтенше жағдай туралы» № 387 Заңымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдайды енгізудің және оның қолданылуының негіздерін, мерзімдерін, тәртібін, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін белгілейді.

Төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға немесе шаруашылық жүргізу объектілеріне залал келтіруге, елеулі материалдық шығындарға және халықтың тіршілік ету жағдайларының бұзылуына әкеп соққан немесе ұшыратуы мүмкін авариялар, зілзалалар немесе апаттар нәтижесінде туындаған белгілі бір аумақтағы жағдай. Төтенше жағдай режимін, коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке және заңды тұлғалардың құқық бұзушылығын ӨҚБТК-нің 476-баптарында қарастырылған;

1. Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзу немесе талаптарды орындамау, сондай-ақ жергілікті жер комендантының заңды бұйрықтары мен өкімдерін:

1) келу мен кетудің ерекше режимі;

2) белгілі бір жеке тұлғалар үшін белгіленген мерзімге белгілі бір жерден, өзінің пәтерінен (үйінен) кетуге тыйым салу;

3) бейбіт жиналыстарды, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салу немесе оларды шектеу;

4) ереуілдер өткізуге тыйым салу;

5) қарумен, күшті әсер ететін химиялық және улы заттармен, сондай-ақ алкогольдік ішімдіктермен және құрамында спирт бар заттармен сауданы шектеу немесе оған тыйым салу;

6) карантин және басқа да міндетті санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу;

7) көбейту техникасын, сондай-ақ радио- және теле хабар тарату аппаратурасын, аудио- және бейнежазу техникасын пайдалануға шектеу қою немесе тыйым салу; дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды алып қою туралы нұсқамалар; бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

8) байланысты пайдаланудың ерекше қағидалары;

9) көлік құралдарының жүруін шектеу және оларды жете тексеруден өткізу;

10) коменданттық сағат кезінде жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын арнайы берілген рұқсаттарсыз және құжаттарсыз көшелерде немесе өзге де қоғамдық орындарда жүруіне не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз өз үйінен тыс жерде болуына тыйым салу бөліктерінде орындамау, егер бұл әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе он айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

№1 есеп.

2020 жылдың 12 сәуірінде Шымкент қаласы «Капал батыр» көпірінің жанындағы блокпостта «Opel» автомашинасын тоқтатты.

Карантин кезінде қалада жүріп-тұруға рұқсат құжаттарын тексеру барысында жүргізуші Р. Жанпейісов «Adil Stroi Project» ЖШС-да заңгер болып жұмыс істейтіні туралы анықтама ұсынған. Құжаттарының мерзімі өтіп кеткендігі анықталып, сонымен қоса полиция қызметкерлерінің жұмысына кедергі келтірді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. УПП бұлтартпау шараларын қолдана алады ма?*
- 3. Осы факті бойынша қандай материалдар жасауы тиіс?*

№2 есеп.

Сағат 22-де ҚПБ кезекші бөліміне азамат М.С. Беріков масаң күйінде мейрамхана қызметшілері мен әкімшісіне балағат сөздер айтқаны үшін жеткізілді.

Тергеу процесінде даяшы мейрамхана тек 22.00-ге дейін жұмыс істейтінін, өйткені COVID-19 эпидемиясына байланысты қалада карантин енгізілгенін айтып, түсіндіргеніне қарамастан, Беріковтің мейрамханадан кеткісі келмегені анықталды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін анықтаңыз.*
- 3. Жиналысқа қатысушыларды жазалау туралы кім шешім қабылдай алады?*
- 4. Жеке тұлғаның заттары мен құжаттарын алып қою хаттамасын жасаңыз.*

№3 есеп.

Қызылжар ауданының аумағына енгізілген төтенше жағдай режимі кезеңінде түнгі сағат 24.00 шамасында құжаттарын тексеру және тексеріп қарау үшін патрульдік полиция қызметкерлері азамат О-ның автокөлігін тоқтатты. Азамат О құжаттарды ұсырудан бас тартты, өйткені ол жол жүрісі қағидаларын бұзбадым және тоқтатуға құқығы жоқ деп санайды.

Тапсырма:

1. Азамат О-ның әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?

2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?

3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?

4. Азамат О-ның көлік құралын қарап тексеру туралы құжат жасаңыз.

№4 есеп.

Жанаөзен қаласында 2020 жылғы 2 қыркүйек пен 5 қыркүйек аралығында қаланың орталық алаңында жаппай тәртіпсіздік себебінен төтенше жағдай режимі енгізілді. Қалалық әкімдігінің алдында 120-ға жуық адам жиналып, санкцияланбаған митинг өткізді және тәртіпсіздіктер кезінде ұсталған азаматтарды босатуды талап етті. Митингшілердің сөйлеген сөздерінде құқықтық тәртіпті бұзатын әрекеттерге шақырулар болды.

Тапсырма:

1. Жағдайды анықтаңыз.

2. ҚПБ кезекшісі мен тәуліктік наряд адамдарының алғашқы іс-қимылдарын баяндаңыз.

3. Дайындық дәрежелері мен арнайы жедел жоспарларды енгізуге негіз бар ма?

4. Бұл жағдайда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқығы бар?

№5 есеп.

АПБ кезекшісі телефон арқылы азамат И.С.Сакеновтан үйінің ауласында жер қазу кезінде жарылғыш затқа ұқсас дөңгелек темір тапқандығы туралы хабар алады. Кезекші Сакеновтан жеке басы мен тұрғылықты жерін анықтайды, күдікті зат орналасқан жерге ешкімді жібермеу туралы және полиция қызметкерлері келген уақытқа дейін жақындамауы туралы нұсқау береді.

Тапсырма:

1. АПБ кезекшісі алынған хабар туралы кімді ақпараттандырады?

2. Осы хабарламаны АПБ кезекшісі қайда тіркейді?

3. АПБ жедел-тергеу тобы қандай құрамда бірлесіп шығады?

4. Жедел-тергеу тобына кезекшісі қандай нұсқаулық беруі қажет?

№6 есеп.

Түркістан облысы Арыс қаласындағы әскери бөлімінің қоймасында жарылыс болып, артынша алапат өртке ұласты. Жарылыстың салдарын жою жұмыстарын облыстық төтенше жағдайлар департаменті, Түркістан облысы мен Шымкент әкімдіктері, ішкі істер органдарының қызметкерлері Арыс тұрғындарын шұғыл түрде Шымкент қаласына көшіріле бастады. Нәтижесінде тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар зардап шекті, газ және сумен жабдықтау бұзылған, зардап шеккендер мен қаза болғандар бар.

Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін жақын орналасқан мемлекеттерден, оның ішінде саны 500 адам келді.

Тапсырма:

1. Дүлей зілзалалар жағдайларды қамтамасыз ету кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жүктелетін тапсырмаларды баяндаңыз.

2. Құрылған топтарды және олардың осындай төтенше жағдайларда қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды атаңыз.

№7 есеп.

Жауын-шашын көптігіне байланысты көктемде Алматы қаласы, Медеу «мұз айдыны» қоршаған су қоймада су мөлшері ұлғайып, қалаға қарай жол алды. Бірінші қабаттары тұрғын үйлерді су басып, үрейленген тұрғындар жоғары тауға қарай бет алды. Дабыл бойынша көтерілген ПО қызметкерлері өз бөлімшелеріне келді.

Тапсырма:

1. ПО қызметкерлері қандай іс әрекет орындауы қажет?

2. Дүлей зілзалалар жағдайында қоғамдық тәртіпті қорғауға кім басшылық етуі тиіс?

№8 есеп.

2020 жылдың қараша айында Павладар қалалары мен аудандарда құстардың жаппай қырылуы орын алды. Жабайы және үй құстарының жаппай өлімі орын алды. Аурудың таралуының нәтижесінде 2869-ға жуық жуық үй жануарлары өлді. Сала мамандары өлекселерден және тірі құстардан сынама алып, Нұр-Сұлтан қаласындағы зертханаға жіберді.

Тапсырма:

1. Жағдайды саралаңыз.

2. Төтенше жағдайды енгізу қажет жергілікті жердің шекарасын анықтаңыз.

3. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.

№9 есеп.

2020 жылдың 23 шілдесінде кешкі сағат 21:00 шамасында Сатпаев қаласының АПБ кезекшісіне телефон арқылы 5 жасар қыздың жоғалғаны туралы арыз түсті. Кейіннен қыз басқа біреудің пәтерінен табылды. Жергілікті тұрғындар ұсталған күдіктіні оларға беруді талап етіп, сол мекенжай мен қалалық ПБ-нің алдында 500-ге жуық адам жиналып, санкцияланбаған митинг өткізді. Нәтижесінде тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар зардап шекті.

Тапсырма:

1. Жағдайды саралаңыз.

2. ҚПБ кезекшісі мен тәуліктік наряд адамдарының алғашқы іс-қимылдарын баяндаңыз.

3. Дайындық дәрежелері мен арнайы жедел жоспарларды енгізуге негіз бар ма?

4. Бұл жағдайда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқығы бар?

№10 есеп.

2021 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының және мәслихаттар сайлауы қарсаңында Шымкент қаласының әкімдігі жанындағы орталық алаңында «адал өтпеген сайлауға» наразылық білдіру үшін 100-ға жуық адам жиналды.

Тапсырма:

1. Жағдайды саралаңыз және саралаңыз.
2. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.
3. Митинг қатысушыларын жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
4. Митинг қатысушыларын сұрау хаттамасын толтырыңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Төтенше жағдай енгізілетін жердің шекараларын кім бекітеді?
2. «Төтенше жағдай» ұғымы және осы жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі іс-шаралар.
3. Төтенше жағдайдың құқықтық режимі және оны қолдау шарттары.
4. Төтенше жағдай режимі кезінде енгізілетін шектеулер.
5. Төтенше жағдайлардың құқықтық сипаттамасы.
6. Төтенше жағдай режимі жағдайында көзделген негізгі шаралар.
7. ПО төтенше жағдайлар кезіндегі іс-шараларды жоспарлау жөніндегі қызметі.
8. Құқық қорғау органдарының ерекше жағдайлардағы әкімшілік-юрисдикциялық қызметі.
9. Жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу, жолын кесу және жою.
10. Төтенше жағдай режимі кезінде көзделетін шаралар.
11. Эпидемиялар, эпизоотиялар және дүлей зілзалалар кезіндегі ПО қызметі.
12. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жер комендантының өкілеттіктері.
13. Комендан дегеніміз не?
14. Коменданттық сағат қағидаларын бұзған жеке тұлғаларды ұстау тәртібі.
15. Жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Жергілікті және объектілік масштабтағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды кім тексереді?

- А) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы аумақтық уәкілетті орган құратын комиссия;
- В) ҚР Үкіметі құратын комиссия;
- С) облыс әкімі құратын комиссия;
- Д) ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшесінің арнайы тергеу бөлімшесі;
- Е) ҚР Президентінің Жарлығымен құрылатын комиссия.

2. Табиғи немесе техногендік сипаттағы ТЖ-ны тексеру қандай мерзім ішінде аяқталуы тиіс?

- А) 3 тәуліктен артық емес;
- В) бір аптадан артық емес;
- С) 10 күнге дейін;
- Д) 15 тәулікке дейін;
- Е) 30 тәулікке дейін.

3. Төтенше жағдай жарияланған аймаққа коменданттық сағат енгізуге байланысты белгіленген тәртіпті бұзған адамды, егер оның жеке басын куәландыратын құжаттар болмаса, әкімшілік қамауға алу мерзімі қанша?

- А) олардың сәйкестігі анықталғанға дейін, бірақ 48 сағаттан аспайды
- В) олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 3 сағаттан аспайды
- С) олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 24 сағаттан аспайды
- Д) олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 72 сағаттан аспайды
- Е) олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 5 сағаттан аспайды

4. Жергілікті жердің комендатурасы дегеніміз не?

- А) төтенше жағдай режимі енгізілген жерде облыс әкімі құратын уақытша арнайы орган;
- В) төтенше жағдай режимі енгізілген жерде ҚР Президенті құратын уақытша арнайы орган;
- С) азаматтық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшесі;
- Д) төтенше жағдай режимі енгізілген жерде ҚР Үкіметі құратын уақытша арнайы орган;
- Е) ПО құрылымдық бөлімшесі.

5. Жергілікті жер комендатурасының негізгі міндеттері:

- А) төтенше жағдай режимі енгізілген жерде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерді күзетуді қамтамасыз ету ғана;
- В) ТЖ режимі енгізілген жерде халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуі қамтамасыз ету ғана;
- С) ұйым басшыларының өз міндеттерін, коменданттың бұйрықтары мен өкімдерін тиісінше орындауын бақылау ғана;
- Д) төтенше жағдай кезінде қолданылатын енгізілген шаралар мен уақытша шектеулердің орындалуын бақылау ғана;
- Е) барлық жауаптар дұрыс.

6. Жергілікті жердің комендатурасының құқығы жоқ:

А) өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан сұратуға және алуға;

В) ТЖ енгізуге себеп болған мән-жайларды жою үшін ұйымдарды тартуға;

С) мән-жайларды жою мәселелерін шешу, ТЖ енгізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын тартуға;

Д) ҚР Президентінің келісімі бойынша ТЖ режимін ұзартуға;

Е) ішкі істер органдарының аумақтық жедел басқару орталықтарының құралдары мен резервтерін пайдалануға.

7. Жергілікті жердің комендатурасының құрамына қандай бөлімшелер кірмейді?

А) штаб және хатшылық;

В) басқару және құжаттау тобы;

С) ақпараттық қарсы күрес тобы;

Д) радиоэлектрондық барлау және басу тобы;

Е) құқықтық қамтамасыз ету топтары.

8. Дүлей зілзала жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау мән-жай болып табылады:

А) әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін;

В) кәмелетке толған құқық бұзушылар үшін әкімшілік жауаптылықты ауырлататын;

С) тек лауазымды адамдар үшін әкімшілік жауаптылықты ауырлататын;

Д) әкімшілік жаза тағайындау үшін маңызы жоқ;

Е) әкімшілік жауаптылықты ауырлататын.

9. Төтенше жағдай жарияланған жерде әкімшілік қадағалау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылықтың қандай түрі көзделген?

А) тек қылмыстық;

В) тек әкімшілік;

С) әкімшілік, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін, қылмыстық;

Д) тәртіптік;

Е) барлық жауаптар дұрыс.

10. ТЖ режимі жағдайында жеке қарап тексеру немесе куәгерлерсіз заттарға қарап тексеру жүргізуге рұқсат етіле ме?

А) иә;

В) тыйым салынған;

С) иә, техникалық тіркеу құралдарын қолдана отырып куәгерлердің қатысуына нақты мүмкіндік болмаған кезде;

Д) тек жеке қарап тексеруге рұқсат етіледі;

Е) коменданттық сағат жағдайында жеке заттарын қарап тексеруге ғана рұқсат етіледі.

11. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қалай жіктеледі?

- A) тек объектілік, жергілікті және өңірлік;
- B) жергілікті және республикалық маңызы бар;
- C) өңірлік және республикалық;
- D) жаһандық, өңірлік, жергілікті және объектілік;
- E) мұндай жіктеу ҚР құқықтық актілерінде көзделмеген.

12. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жіктеуіші қандай құқықтық актімен бекітілген?

- A) заңмен;
- B) ҚР Президентінің Жарлығымен;
- C) ҚР Үкіметінің қаулысымен;
- D) ҚР ТЖМ төрағасының бұйрығымен;
- E) ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен.

13. ТЖ режимі жағдайында Мемлекеттік комиссия құру міндетті ме?

- A) иә;
- B) жоқ;
- C) жаппай тәртіпсіздік жағдайында ғана құрылады;
- D) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде ғана құрылады;
- E) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде ғана құрылады.

14. ТЖ режимі жағдайында Мемлекеттік комиссияның жеке құрамын кім бекітеді?

- A) жергілікті жердің коменданты;
- B) облыстар әкімдері;
- C) егер ТЖ режимі жеке жерде енгізілсе, облыс әкімі және ТЖ режимі ҚР бүкіл аумағында енгізілсе, ҚР Президенті;
- D) Премьер-Министр ҚР Үкіметінің қаулысымен;
- E) тек ҚР Президенті.

15. Төтенше жағдай режимі қандай мерзімге енгізіледі?

- A) бір айға;
- B) тек 30 тәулікке дейін;
- C) тек 60 тәулікке дейін;
- D) ҚР барлық аумағында 30 тәулік және жеке жерде 60 тәулік;
- E) ҚР барлық аумағында 60 тәулік және жеке жерде 30 тәулік.

2.8. Жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды анықтау кезіндегі іс-әрекеттер

2015 жылғы 1 маусымдағы «авария, өрт, табиғи апат салдарын жою кезінде және басқа да төтенше оқиғалар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» №502 бұйрығына сәйкес және ӘҚБтК-нің 791, 792, 793, 794, 795-бабында көзделген жүзеге асырылады.

Жарылғыш заттар — сыртқы әсердің ықпалымен өте тез химиялық өзгеріске түсіп, жылу бөлініп, катты қызған газдардың түзілуінен күшті соққы пайда болатын химиялық құрамалар мен қоспалар. Жарылғыш заттар оқты, минаны, снарядты лақтыруға қажетті энергия көзі болып табылады, сондай-ақ әр түрлі жару жұмыстарын орындауда қолданылады.

Құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға күдіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған тұлғаларды ӘҚБтК-нің баптарымен жүргізіледі.

- Жеке басты жете тексеруді және жеке тұлғаның өзімен бірге алып жүрген заттарын жете тексеру;

Жеке басты жете тексеру – құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не оның нысанасы болған құжаттарды, заттарды және басқа да нәрселерді табу және алып қою мақсатында адамның денесін және оның киімін мәжбүрлеп зерттеп-қарау.

- көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жете тексеру;

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жете тексеру, яғни көлік құралын, шағын көлемді кемені олардың құрылымдық тұтастығын бұзбай жүргізілетін зерттеп-қарау құқық бұзушылық жасау құралдарын не әкімшілік құқық бұзушылық заттарын табу және алып қою мақсатында жүзеге асырылады.

- қарап-тексеру, яғни көлік құралын, сол жерді, нәрселерді, Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізілетін құжаттарды, тірі адамдарды көріп зерттеу әкімшілік құқық бұзушылық іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

- құжаттарды, заттар мен тауарларды алып қою;

№1 есеп.

ТЖМ кешкі сағат 20.00 шамасында ІД-нің кезекші бөліміне белгісіз азаматтан АҚ «Алматы халықаралық әуежайы» ғимаратында жарылғыш зат қойылғаны туралы хабарлама келіп түсті. Әуежай ғимаратынан 1000 адам эвакуацияланды.

Тапсырма:

1. Кезекшінің әрекетін баяндаңыз.

2. Егер азамат өзінің аты-жөнін және жарылғыш заттың нақты болуы туралы мән-жайларды атаса, кезекші не істеу керек?

3. Оқиға орнына шығу кезінде ПО жеке құрамы қалай әрекет етуі тиіс?

4. Кезекші осы хабарламаны қайда тіркейді?

№2 есеп.

Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданындағы Сайхин елді мекенінің тұрғыны белгісіз азамат ПД кезекші бөліміне қоңырау шалып төрт шақырым жерде әскери снарядқа ұқсас зат көргенін хабарлайды.

Тапсырма:

1. ПД кезекшісінің іс-әрекетін баяндаңыз.

2. Егер азамат өзінің аты-жөнін және жарылғыш құрылғының нақты болуы туралы мән-жайын айтпаса, кезекші не істеу керек?

3. Оқиға орнына бірінші келетін полиция наряды қалай жұмыс істейді?

4. Оқиға орнына шығу кезінде ПО жеке құрамы қалай әрекет етуі тиіс?

№3 есеп.

Жылу электр станция (ЖЭС) қызметкері М. Айтпаев қызмет атқару барысында ғимараттың бірінші қабатында иесіз қорап жатқандығы жөнінде күзет қызметкеріне хабарлама жеткізді. Оқиға орнына жеткен күзет қызметкеріне азамат М. Айтпаев қораптың табылған жерін көрсетті. Қорапты қарау барысында (сағат механизмінің дыбыстары) естіледі.

Тапсырма:

1. Күзет қызметкері қызметкерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.

2. М. Айтпаев жауапкершілікке тартылады ма?

№4 есеп.

УПИ қызметкері полиция капитаны Жумашев ұрлық жасады деп күдікті азамат М. Аюбаевты ұстау кезінде жеке тінту жасауға шешім қабылдаған.

Тапсырма:

1. Жағдайы саралаңыз.

2. Жеке тінтуді жүргізу және ерекше жағдайларда (куәларсыз, тінту туралы үкім және прокурор санкциясы болмаса) жеке тінту тәртібі қандай?

№5 есеп.

Тергеуші Арыстанбай, есірткі заттарды сақтады және сатты деген күдікпен азамат Сериковқа қарсы жеке тінту туралы шешім қабылдады. Тергеушінің ойынша Ибраимов денесіндегі табиғи саңылауларға есірткі заттарды тығып қоюы мүмкін.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз.

2. Тінту заңды болуы үшін тергеуші не істеуі керек?

3. Есірткі құралы табылған жағдайда полиция наряды қалай жұмыс істейді?

№6 есеп.

Криминалды полиция қызметкері Зотов бір азаматқа қатысты көшеде әкімшілік тексеріс өткізу туралы шешім қабылдады, себебі оның іс-әрекеттері ҚР ҚК 296-бабына сәйкес қылмыстық заң бұзушылық байқалып сезік тудырды.

Тапсырма:

- 1. Бұл жерде әкімшілік тексеріс жасау негіздері қандай?*
- 2. Есірткі құралы табылған жағдайда полиция наряды қалай жұмыс істейді?*

№7 есеп.

Учаскелік полиция инспекторы Жумашев азамат Сидоровты жеке тексеріс жасауды ұйғарды. Себебі ол қылмыс жасағаны үшін іздестірілуде жүрген жедел сілтемеде берілген тұлғаға ұқсас. Ол куәлардың қатысуымен Сидоровтың киімдері мен қобдишасына тексеріс жасап, жеке тексеріс хаттамасын толтырды.

Тапсырма:

- 1. Полиция қызметкерінің әрекеттері дұрыс па?*
- 2. Сидоров шынымен қылмыскер болып танылса қайда апару қажет?*

№8 есеп.

Базарлардың күзет полиция қызметкері Оразбаев патрульдеу маршруты бойынша келе жатып «Ай-шатыр» дүкені жанында азаматтың қолдан жасалған пиротехникалық бұйымдарды сатып жатқандығын көріп қалды.

Азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру кезінде оның Аюбаев екендігі және ол өзі тап осы бұйымдар әзірлейтіндігі және олармен сауда жасайтындығы анықталды. Аюбаев ұзақ уақыттан бері еш жерде жұмыс істемейді және тауарларын сатудан түскен ақшаға өмір сүреді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайға құқықтық талдау беріңіз.*
- 2. Тап осы жағдайға байланысты полициялары қызметкер Оразбаевтың әрекеттерін анықтаңыз?*

№9 есеп.

19-жастағы Аманбай, әкесінің мылтығымен өзінің үй ауласында ойнап жүріп, 18-жастағы өзінің досы Балтабайды жеңіл дәрежедегі зақым келтірді. Жәбірленушінің ата-аналарының шақыруымен келген УПИ Оразбай, мылтықты алып қойып, Аманбай мен оның әкесін ПО-ның кезекші бөліміне жеткізді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайға саралап, баға беріңіз.*

2. Бұл жағдайда УПП Оразбай мен ПО кезекшісі қандай шаралар қабылдаулары керек?
3. Қаруды сақтауға құқықтары бар адамдардың, қаруды сақтау тәртібі қандай?

№10 есеп.

«Ауди-100» автокөлік жүргізушісі Аманбай бағдаршамның қызыл жарық сигнал талаптарын бұзып, жол торабынан өтіп кетті. Жол полиция қызметкерінің автокөлікті тоқтатуға бергін талабын орындамай, бой тасалауға тырысты. Бірақ қабылданған шаралар нәтижесінде ол ұсталды. Жүксалғышын тексеру барысында, қолдан жасалған пиротехникалық бұйымдар анықталды.

Азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру кезінде Алпысбай екендігі және осы бұйымдарды өзі әзірлейтіндігі, сондай-ақ олармен сауда жасайтындығы анықталды.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
2. Тап осы жағдайға байланысты полиция қызметкерінің іс-әрекеттері қандай?

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жарылғыш заттардың жалпы сипаттамасы.
2. Жарылғыш заттар анықталған жағдайда полицейдің іс-қимыл алгоритмі.
3. Физикалық немесе химиялық сипаттағы жарылыстарды ажыратыңыз.
4. Егер күдік туатындай заттар табылса қызметкерлер не істеу қажет?
5. Қауіпті аймақтан адамдарды эвакуациялау алдында ПО қызметі.
6. Жарылыс кезінде орындалатын жұмыс жоспары.
7. Құқық бұзушылықтың жолын кесу әрекеттері.
8. ПО-ғы кезекші бөлімдері хабарлау кезінде көзделетін шаралар.
9. Жарылғыш заттар алдын алу кезінде ПО қызметін ұйымдастыру тәртібінің іс-әрекеттері.
10. Адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау қауіпті аймақтан адамдарды эвакуациялау алдында жүргізілетін маршруттарды тексеру.
11. Егер ғимаратта жарылыс қаупі бар болса, жарылыс болған жағдайда залал барынша азайтылуы үшін ПО қызметін әрекеттері.
12. Сынықтағы құнды жабдықты құм дорбаларымен және өртке қарсы көбік не үшін қажет?
13. Күдікті затты табылған жерден алып тастауға болады ма?
14. Жарылғыш құрылғы тапқанда мамандар шақыру қажет пе?
15. Физикалық жарылыстың түрлері.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Жүйенің тез физикалық немесе химиялық өзгеру процесі, оның потенциалдық энергиясының механикалық жұмысқа ауысуымен бірге жүретін процесс:

- A) дене күшін қолдану
- B) жарылыс процесі
- C) арнайы құралды қолдану
- D) атқылау процесі
- E) күш ауырлығы

2. Жарылыстың маңызды белгісін анықтаңыз:

A) жоғары қысымды аймақтың тез қалыптасуы, оның кеңеюі және қоршаған ортаны қозғалысқа тарту.

B) Жарылыс кезінде орындалатын жұмыс жарылыс кезінде пайда болғанға дейін немесе пайда болғанына қарамастан, газдардың немесе будың тез кеңеюі.

C) қатты қыздырылған және жоғары қысымды газдар түзуі.

D) жарылғыш затқа және оған әсер ету түріне байланысты жарылыс немесе жану түрінде пайда болуы.

E) жылу шығару арқылы берілуіне байланысты жарылғыш түрлендіру

3. Жарылғыш затқа және оған әсер ету түріне байланысты жарылыс немесе жану түрінде пайда болатын процесс-бұл анықтама қай ұғымға сәйкес келеді?

- A) жарылғыш заттың белгісі
- B) жарылғыш заттың сапасы
- C) жарылғыш заттың ерекшелігі
- D) жарылғыш заттың қысымы
- E) жарылғыш заттың қасиеті

4. Күдікті затты табылған жерден алып тастау өте маңызды болған жағдайда келесі әрекеттер жасалынады:

A) баспанаға байланысты (колонна, құдықтан және т.б.) арқанды тартып, затты орнынан жылжыту

B) қауіпті өнімдер мен өмірлік маңызы бар коммуникацияларды сақтау орындарында қамтамасыз ету жөнінде ерекше шаралар қабылдау

C) оқшаулау іс-әрекеттерін жасау керек

D) жырту немесе шамадан тыс механикалық әсерге ұшырату

E) ашу, жылжыту

5. Физикалық жарылыстарға жататын жарылысты анықтаңыз:

A) қысымның шамадан тыс артуына байланысты болатын жарылыстар.

B) бу қазандықтарының дұрыс пайдаланылмауы кезіндегі жарылыстар

C) сыртқы әсерлердің қатты соққысынан пайда болатын жарылыстар

D) қатты қыздырудан пайда болатын жарылыстар

E) соққы толқынының өтуіне байланысты пайда болатын жарылыстар

6. Егер ғимаратта жарылыс қаупі бар болса, жарылыс болған жағдайда залал барынша азайтылуы үшін полиция қызметкері қандай шара жасылынуы қажет:

А) арнайы қорғаныс материалынан жасалған жарылғыш заттармен абайлап жабу

В) құнды жабдықты құм дорбаларымен және өртке қарсы көбікпен қорғауға болады

С) мүмкіндігінше терезелер мен есіктерді ашық қалдыру

Д) шамадан тыс механикалық әсерге ұшырату

Е) киім-кешектермен абайлап жабу

7. Жарылғыш құрылғы табылған кезде оны арнайы қорғаныс материалынан жасалған жарылғыш заттармен жабудың мақсаты неде:

А) жарылыс болған жағдайда сынықтардың таралуын азайтады

В) залал барынша азайтылуы үшін (қауіп тұтандырғыш құрылғыдан шыққан жағдайларды қоспағанда)

С) сыртқы факторлар әсер етпеуі үшін

Д) қысымның жоғарылап кетпеуі үшін

Е) жарыс болған жағдайда соққы толқынын азайтады

8. Энергияның жарылғыш заттың бір қабатынан екіншісіне жылу өткізгіштік және газ тәрізді өнімдермен жылу шығару арқылы берілуіне байланысты жарылғыш түрлендіру процесі:

А) детонация

В) жарылу

С) таралу

Д) жану

Е) тұтану

9. Күдікті зат табылса, полиция қызметкерінің маңызды іс-шарасын анықтаңыз:

А) қауіпті өнімдер мен өмірлік маңызы бар коммуникацияларды сақтау орындарында қамтамасыз ету жөнінде ерекше шаралар қабылдау

В) жылу көздеріне жақын орналастыру немесе термоөңдеу

С) суға түсіру және шикі бөлмеде сақтау

Д) бүгу

Е) ПО бойынша кезекшіге хабарлау; адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау қауіпті аймақтан адамдарды эвакуациялау алдында жүргізілетін маршруттарды тексеру қажет.

10. Сапасы төмендеген жағдайда (ылғалдандыру, бақылау) немесе бастапқы импульс жеткіліксіз болса, детонация қандай процеске ұшырайды:

А) жануға немесе толығымен өшіп кетеді

В) қысымы жоғарылап кетеді

С) өткізгіштік қасиеттерге ие болады

Д) детонация процесі түрленеді

Е) жылдамдығы жоғарылап кетеді

11. Полиция қызметкері адамдарды қауіпті аймақтан адамдарды эвакуациялау алдында қандай іс-шара атқаруы қажет:

- А) жүргізілетін іс-шараларды жоспарлап алу қажет
- В) қауіпті аймақтың картасымен танысу керек
- С) жүргізілетін іс-әрекеттер туралы халықты хабардар ету керек
- Д) жүргізілетін маршруттарды тексеру қажет
- Е) қауіпті аймақтан қолайлы жер таңдауы керек

12. Жарылғыш заттар (ЖЗ) белгілі бір сыртқы әсерлердің ықпал етуіне байланысты қандай қасиетке ие:

- А) жарылыс немесе жану түрінде пайда болуға
- В) тез таралатын химиялық түрлендіруге
- С) жануға немесе толықтай өшіп кетуге
- Д) тез және толық өшуге
- Е) қатты жылдамдықпен тез таралуға

13. Жарылғыш материал анықтамасы:

А) химиялық зат немесе сыртқы әсерлердің белгіленген түрлері кезінде жылу шығарумен және газ пайда болумен жылдам өздігінен таралатын химиялық түрленуге бейім берілген құрамдағы заттардың қоспасы;

В) қандай да бір затта, жағдайда немесе үдерісте жарылыс туындау мүмкіндігі;

С) құрамында сұйық немесе тез балқығыш мұнай өнімді түйіршіктелген селитра қоспасы бар, тікелей тау-кен өндіру саласының ұйымдарында және мамандандырылған зауыттарда дайындалуы мүмкін өнеркәсіптік жарылғыш заттар;

Д) құрамына жарылғыш заттар, бастау құралдары, атқылау және жарылу аппараттарын қамтитын термин;

Е) құрамына сұмайлы эмульсия кіретін аммиак-селитралы жарылғыш заттардың әр түрлілігі.

14. Детонацияның жануға немесе толығымен өшіп қалуына әсер ететін факторды анықтаңыз:

- А) сапасы төмендесе
- В) қысымы жоғарласа
- С) химиялық түрлендіруге ұшыраса
- Д) жылу өткізгіштік қасиеті артса
- Е) жылдамдығы жоғарласа

15. Жарылғыш заттардың түрлері:

- А) Вибрациялық
- В) акустикалық
- С) радиолокациялық
- Д) орындаушы
- Е) барлығы дұрыс

2.9. Қоғамдық тәртіп пен жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу мен жолын кесу шаралары

2020 жылғы 25 мамырдағы «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» №333 Заңы, Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт және қарусыз жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізу құқығын іске асыруға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді.

Бейбіт жиналыс – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара;

митинг – қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының белгілі бір жерде, белгілі бір уақытта бірлесіп болуы, бұл дыбыс күшейткіш техникалық құралдар, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдаланыла отырып немесе онсыз, талаптар қойыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады;

шеру – қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру мақсатында Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматтары тобының көлік құралдарын пайдаланбай белгілі бір уақытта, белгілі бір маршрут бойынша жүріп өтуі, бұл дыбыс күшейткіш техникалық құралдар, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдаланыла отырып немесе онсыз, талаптар қойыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) күш қолданылмайтын сипат;
- 2) заңдылық;
- 3) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- 4) қатысу еріктілігі;
- 5) бейбіт жиналыстар өткізу пайдасына презумпция;
- 6) тараптар жауаптылығы.

№1 есеп.

Қостанай қаласы Тәуелсіздік күнін мерекелеу іс-шарасын өткізу кезінде, ҚПБ бастығының орынбасары полиция майоры А. Аманбаев қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде азамат Ырыспаев масаң күйінде балағат сөздер айтып, қолындағы бөтелкесін төккен үшін кезекші бөлімге жеткізілді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*

№2 есеп.

9 мамыр Жеңіс күніне орай Шеруді өткізу кезінде бақылау-өткізу пунктінде жұмысты жүзеге асыратын аға патрульдік нарядты полиция майоры М. К. Петровқа азамат теледидар орталығына өтуге өтініш білдірген. Осы азаматтың телеорталыққа қатыстылығын растайтын құжаттарды ұсынуды сұрады. Бірақ азамат құжаттардың үйде қалып қойғанын айтты.

Тапсырма:

- 1. Бұл жағдайда майор М. К. Петров қандай шара қолдануы керек?*
- 2. Қандай жағдайда мұндай өтініштер қанағаттандырылуы мүмкін?*

№3 есеп.

Учаскелік инспекторға полиция аға лейтенанты А.М. Жумаровқа университет еден жуушысы И.В. Василевская келіп, оқу корпусының дәліздері мен университеттің дәретхана бөлмелерінде 30 сәуір күні азаматтарды жұмысқа шықпауға, ал сағат 9:00-де облыс әкімдігінің жанындағы алаңда жиналуға шақыратын арандатушылық мазмұндағы парақшалар жапсырылғанын хабарлаған.

Тапсырма:

- 1. Бұл жағдайда учаскелік полиция инспекторы А.М. Жумаров не істеу керек?*

№4 есеп.

Қарағанды қаласындағы орталық стадионда футбол матчы өткізу кезінде «Қайрат» пен «Ордабасы» командаларының ойыншылары арасында жанжал туындады, нәтижесінде екі ойыншысы дене жарақатын алды.

Трибунадағы жанкүйерлер айқайлап, ысқылап, алаңға бос бөтелкелерді лақтырды. Батыс сектордан үш жанкүйер алаңға шығып, төрешілермен таласты.

Тапсырма:

- 1. Орталық стадионда қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттерін баяндаңыз.*

№5 есеп.

Бокс жарыстарын өткізу кезінде Қостанай қаласындағы «Динамо» спорт кешенінің бойында буфетке кезекте тұрған көрермендер арасында

төбелес болды, оған 100-ге жуық адам қатысты. Төбелес орнына полиция наряды шақыртылды.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз.

2. Полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттерін баяндаңыз.

№6 есеп.

Қала күнін мерекелеу қарсаңында аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметтік кеңес өткізіп, аудандық ішкі істер бөлімінің жеке құрамының алдына қоғамдық-саяси іс-шара өткізу кезінде тапсырмалар қойды, ал өз орынбасарына қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу туралы тапсырма берді.

Тапсырма:

1. Жалпы іс-шара өткізу кезіндегі АПБ-нің негізгі қойған тапсырмасын атаңыз.

2. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша АПБ қызметінің дайындық кезеңінде қандай жұмыстар жүргізіледі?

№7 есеп.

Құрбан-Айт мерекесін өткізуге дайындық кезінде ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары А. Аманбаев полицейлерге нұсқау берді, олар еңбекшілердің демонстрациясы аймағында қызмет атқару үшін нарядқа тағайындалды.

А. Аманбаев жеке құрамның жаппай іс-шаралар өткізу кезіндегі тапсырмаларына толық тоқталып, сондай-ақ қоршауға алуға тыйым салынған аймаққа кіруге тыйым салынған адамдардың тізімін атап өтті.

Тапсырма:

1. Жаппай іс-шара өткізу кезінде патрульдік нарядтардың жеке құрамының орындайтын тапсырмаларын атаңыз?

2. Қоршау аймағына өткізуге тыйым салынған адамдардың санаттарын атаңыз?

№8 есеп.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы Отан қорғаушылар күнін мерекелеу кезінде жеке құрамды қоғамдық тәртіпті сақтауға дайындау туралы бұйрық берді.

Тапсырма:

1. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде жеке құрамның қоғамдық тәртіпті сақтауға дайындығы қандай элементтерден құралады?

№9 есеп.

Сағат 23:15 шамасында Қордай АПБ-нің кезекші бөліміне Г. Амантаев жеткізілді. Ол өзінің туысының үйлену тойында төбелес шығарып,

шақырылған қонақтарға денелеріне жеңіл жарақат келтіріп, көшеге шығып жұрттың тыныштығын бұзды.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз.*
2. *Жедел кезекші қандай арнайы жедел жоспарды енгізуі тиіс?*

№10 есеп.

Полицияның қоғамдық көмекшісі болып тіркелген азамат Р.Мансуров кешке жұмыстан қайтып келе жатып жолда екі азаматтың былапыт сөйлеп, адамдарға тиісіп жүргенін көріп, оларға барып куәлігін көрсетіп, тәртіп сақтауға шақырды. Олар оның талабына бағынбады. Р.Мансуров өзі бекітілген УППІ шақырып, екеуі екі азаматты УППІ жеткізіп әкішілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды.

Тапсырма:

1. *УППІ іс-әрекеті заңды ма?*
2. *Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырыңыз.*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. ПО-ның қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту жөніндегі қызметі.
3. Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу шаралары.
4. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік түсінігі.
5. Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы ПО міндеттері мен функциялары.
6. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті жоспарлау және қорғау.
7. Жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу, жолын кесу және жою.
8. Бұқаралық іс-шаралардың түрлері және құқықтық тәртіпті сақтау шарттары.
9. Қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылықтар мен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу кезіндегі басқару тобының мақсаты.
10. Жаппай тәртіпсіздіктерді жою кезіндегі жедел топтың және құжаттау тобының қызметі.
11. Көпшілік іс-шаралардың түрлері және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жоспарды дайындау тәртібі.
12. Қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылықтар мен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу кезінде басқару тобының мақсаты қандай?
13. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасы.
14. Жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу, жолын кесу және жою.

15. Көпшілік іс-шаралар өткізу жағдайында қоғамдық тәртіпті сақтауды атқару кезеңі кезіндегі ПО қызметі.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы сатылған билеттердің, берілген рұқсаттардың, оның ішінде көлік құралдарына берілген рұқсаттардың саны туралы ПО-ға қандай мерзімде хабарлайды?

- A) үш күнтізбелік күн бұрын;
- B) ұйымдастырушы мұндай ақпаратты тек ПО-ға үш күн бұрын береді;
- C) күнтізбелік жеті күн бұрын;
- D) бір күнтізбелік күн бұрын;
- E) бес күнтізбелік күн бұрын.

2. Жаппай іс-шараны ұйымдастырушыға орындардан асатын билеттерді таратуға рұқсат етілген бе?

- A) иә;
- B) ПО-ның келісімі бойынша ғана;
- C) жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша ғана;
- D) тек спорттық іс-шараларға;
- E) жоқ.

3. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық орын емес?

- A) тұрғын үйдің пәтері
- B) денсаулық сақтау ұйымдары
- C) білім беру мен демалысты ұйымдастыру
- D) тамақтану пункттері
- E) мұражайлар

4. Қоғамдық орындар:

- A) жалпы және арнайы
- B) жалпы және жеке
- C) тұрақты және мерзімді
- D) жалпы, қосымша және жеке
- E) тұрақты, уақытша, ұзақ мерзімді

5. Төменде көрсетілгендердің қайсысы тұрақты қоғамдық орындарға қатысты?

- A) квадраттар
- B) базарлар
- C) демалыс аймақтары
- D) ойын-сауық нысандары
- E) асхана машинасы

6. Төмендегілердің қайсысы мерзімді қоғамдық орындарға қатысты?

- A) көшелер
- B) жолақ
- C) төртбұрыштар

- Д) бульварлар
- Е) демалыс аймақтары

7. Қалалар мен елді мекендердің шегінде немесе сыртында арнайы жабдықталған, тұрғындардың пайдалануына, сондай-ақ көпшілік іс-шараларға, азаматтардың қызметтері мен демалысына арналған жалпы алаңдар?

- А) арнайы демалыс орындары
- В) қоғамдық орын
- С) ортақ орын
- Д) тұрғын үй
- Е) жаппай жиналатын орын

8. Қоғамдық жерде адамдар арасындағы жанжалды басу кезінде учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін көрсетіңіз?

А) кеудеге арналған видеорегистрдің дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз; жағдайды бағалау; рұқсат етілмеген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жанжалды болдырмау үшін дене күшін, арнайы құралдарды және атыс қаруын қолданыңыз

В) кеудеге арналған видеорегистратор жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз; жағдайды дұрыс бағалау (қауіп дәрежесі, субъектілердің орналасуы, қашу нұсқалары); рұқсат етілмеген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жанжалдың себебін анықтау; қолданыстағы заңнаманың ережелерін түсіндіру; олардың мәселесін шеше алатын тарап ақпарат беруге тырысады; қажет болған жағдайда күшейтуге шақыру; тұтқындауға және жеткізуге; әкімшілік хаттама жасайды

С) кеудеге арналған видеорегистрдің дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз; жағдайды дұрыс бағалау; жанжалды бейбіт жолмен шешу; құқық бұзушылармен профилактикалық әңгіме жүргізу

Д) кеудеге арналған видеорегистрдің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз; жағдайды дұрыс бағалау; жақын арада қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету; күшейтуге шақыру; жанжалды болдырмау үшін физикалық күш қолдану

Е) кеудеге арналған видеорегистрдің дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз; жағдайды дұрыс бағалау; жақын арада қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тергеу-жедел тобын, жедел әрекет етудің арнайы бөлімшелерін шақыру, жанжал болған жерді қоршау; жағдайға байланысты әрекет ету

9. Учаскелік полиция инспекторының шағым түскенде немесе қоғамдық орында темекі бұйымдары мен электронды темекіні пайдалану фактісі анықталғанда қандай іс-әрекеттер алгоритмі бар?

А) орынға келеді, пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді, барлық әрекеттерді УПП-де жазады; құқық бұзушылықтың мәні мен жауапкершілік дәрежесін түсіндіреді; құқық бұзушылық болған жерде ҚР ӘҚБтК-ның 441-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды, егер мұндай мүмкіндік болмаса, УПП-ге немесе ПБ-ге жеткізеді

В) орынға келеді, барлық әрекеттерді УПП-ге жазады; құқық бұзушылықтың мәнін түсіндіреді; профилактикалық әңгіме жүргізеді; әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі бойынша ескерту жасайды

С) орынға келеді, мобильді құрылғыдағы барлық әрекеттерді жазады; құқық бұзушылықтың мәнін түсіндіреді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды

Д) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды; құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын жердегі УПП-ге жеткізеді

